

Уильям Макдональд

**ЖЕҢІМПАЗ
БОЛУ ҮШІН
ЖАРАТЫЛҒАН**

Эммаустың кітаптары

УДК 27
ББК 86.37
М 16

М 16 Мақдональд Уильям.
Жеңімпаз болу үшін жаратылған
Алматы, “Шығыс сәулесі”,
2010, 76 с.

ISBN 9965-896-21-6

УДК 27
ББК 86.37

Бұл кітап адам өз өміріндегі Исамен арақатынасында Құдай Тағаланың даңқы үшін өмір сүре бастайтын дәрежеге жете алатындай болуына көмектесу үшін жазылған.

Ешкім тумасынан сәтсіз адам болу үшін жаралмаған. Адам жеңу үшін жаралған.

Неден бастауға болады? Бұл сұраққа жауапты оқырман осы кітаптан таба алады.

Кітап оқырманға Исаның жерде сүрген өміріне еліктеуіне үлгі болады.

ISBN 9965-896-21-6

© Эммаус

Куәлік

Саламатсыздар ма?

Менің атым Стив Томсон. Мен Чикаго қаласында 1950 жылдың 15 наурызында дүниеге келдім. Он бір баладан тұратын отбасындағы төртінші ұлмын. Менің балалық және жастық шағым Чикагоның оңтүстігінде өтті, сол жерде мен бастауыш және орта мектепте оқып, оны 1967 жылы аяқтадым.

Мен мектептегі көптеген достарым сияқты, оқуда керемет жетістіктерге жеттім деп мақтана алмаймын. Жалпы айтқанда, директордың жақсылар тізімінде болған емеспін, дегенмен үлгерімі нашарлардың қатарында да болған жоқпын, әйтеуір сыныптан-сыныпқа көшіп отырдым. Басыма бәле іздеуге тырыспайтынмын, онсыз да өз өмірімде мәселелер жеткілікті болатын. Қандай мәселелер? Көп балалы отбасында өмір сүру оңай емес. Біз жетіспеушілікте өмір сүрмегенмен, менің ата-анама бізді жетілдіру оңайға түскен жоқ, өйткені біз олардың еңбегін бағаламайтынбыз. Алайда біз ата-анамызға тиісті құрмет көрсетіп, оларға сүйіспеншілікпен қарайтынбыз, бұл анамыздың жетістігі, өйткені ол бізге кішкентайымыздан осыны құйған болатын. Оның сөзі бізге заң болды. Ал әкемізге келетін болсам, оның әрдайым бізбен бірге болып, бізді тастап кетпегені менде керемет әсер қалдырды. Әкелері үйде көп тұрмағандықтан менің жақын достарымның отбасыларының күйрегенінен хабардар болатынмын. Әкеміз әрдайым бізбен бірге болды, қазір де ол бізді жалғызсыратпайды. Әйтсе де бұған қарамастан, әкеміз бізбен осы дүниенің қиындықтары мен жүгенсіздіктері туралы аз сұқбаттасатын.

Алайда жауабы жоқ мәселелер де болатын. Мысалы, көше бұзықтары. Осыжайында ойлап көріңіз. Алпысыншы жылдардың басында Чикагоның оңтүстік бөлігінде менің жасөспірім және есею шақтарым өтті. Бұл сол жерде кісі өлтірушілік, кескілесу және қырғын сойқандар

бел алып тұрған кез еді. Осындай ортада тіршілік үшін күресуге тура келетін. Және мен оны жеңіп шықтым. Қолымнан келгенше мен осының бәрінен аулақ болуға тырысатынмын, жалпы алғанда бұған қол жеткіздім де. Мен сол бұзақылар тобына мүше болып кірген емеспін, алайда оның көптеген мүшелерімен таныс болатынмын. Қажет болғанда өзімді қорғай алатынмын және ешқашан ұрыс-керісті өзім бастамайтынмын, сол үшін де мені қатты құрметтейтін. Осы жерден кетіп қалу мүмкіндігі туған кезде, мен соны жібермедім. Он сегіз жасымда әскери теңізші қызметіне кірдім.

Мұның барысында, мен әр жексенбі сайын қауым қызметіне қатысуға мәжбүр болдым. Сонда мен қауым жиналыстарына тек қатысушы ғана болдым, ал мадақтау әндері тым қатты айтылмаған кездері ұйқымды жақсы қандырып алатынмын. Әскери лагерьден соң мен әскери мектепте оқу үшін батыс жағалауға бет алдым және “А” дәрежелі кеме механигі мамандығын меңгеріп, өзімнің кемедегі алғашқы қызметіме кірістім. Бұл әскери қару-жарақты тасымалдайтын кеме болатын, онда әр апта сайын біз өрт сөндіретінбіз, бұл тіпті сапар кезінде де болып тұратын. Осы кеме жүзуге жарамай қалғаннан кейін мен басқа кемеге ауыстым.

Мені Жапонияға жалға берілген кемеге жолдады. Біраз уақыт өте келе, мен өзімнен бір жас кіші жапон қызымен танысып, онымен тұра бастадық. Сол уақытта менің жасым он тоғызда болатын. Біз бір-бірімізбен тығыз қарым-қатынаста болдық. Мен сол қыздың бойынан өзіме ұнайтын және маған да сондай сүйіспеншілікпен жауап берген адамды таптым. Сондықтан да 1972 жылдың наурыз айында орын алған сол ауыр қылмысты түсіну маған өте қиын. Қалайша мен оның өлімі үшін айыпты болып табылып, 7 жылға бас бостандығымнан айырылдым? Иә, мен осы қылмысты жасағанымды мойындауға тиістімін, өйткені мен шынымен де кінәлімін.

Мені осыған не жетеледі? Бұл есірткінің (яғни, менің

бойымнан табылған анашамен араласқан алкогольдің күшті әсерінің) салдарынан болды. Біраз уақыт өткен соң, осы оқиғаның алдындағы өзімнің жағдайымды ой елегінен өткізу арқылы, мен мынадай тұжырымға келдім, бұл менің шынайы табиғатымның нақты көрінісі. Бұл мен едім, мен шынымен де сондай адам болатынмын. 21 жыл бойы мен өзімнің түңілуімді, қорқынышымды, жеккөрушілігімді және ашу-ызамды ішімде жасырып келдім. Мен осы сезімдердің барлығын сыртқы әдептілігіммен жасырып келдім және өзімнің шынайы табиғатымды өзгелер алдында мойындауға дайын емес едім. Мен әуел бастан-ақ өлі күнәкар болатынмын, әйтсе де ешкімнен құтқарылуға апаратын жолды көрсетуін сұраған емеспін. Тағы да бір айтып кетер жайт, мен күнәнің құлы едім. Менің әміршім күнә болатын, мен осы әлемнің билеушісі шайтанның бұғауында едім. Оның жетегінде екенімді өзім де білместен, оның айтқанымен жүріп-тұрдым. Адам осыншалықты соқыр болады екен-ау? Ешқандай игі іске жарамсыз адам болып туылған сорлы екенмін.

Өзіме тиесілі екенін жақсы білетін жалғыз адамды құрдымға жібердім, өзім сүйетін адамымды өз қолыммен өлтірдім. Өзімнің үмітсіз адам екенімді сезінгендіктен, әрі кінәлілік сезімінің бұғауында болғандықтан және әкемді, бүкіл отбасымды масқара еткендіктен анам осы оқиғадан бір жыл бұрын дүниеден өткен болатын, әрі шетелдік абақтыда бірнеше жыл отыратынымды түсінгендіктен, мен өз камерамда отырып ойлана бастадым. Неліктен бұлай болды, ал бұның ақыры қандай болмақ? Содан өзіме қол салуға тырыстым, алайда оны істей алмадым. Енді мен осыны жасамағаным үшін Құдайға шүкіршілік білдіремін.

Бірде абақтыда отырғанымда маған бір кісі келді, ол жапондықтарға шынайы Құдайды табуға көмектесу үшін жіберілген бір елші болатын. Ол мен отырған түрмеге келіп, маған Иса атты бір кісі туралы айтты, Ол жай адам

емес екен. Иса Құдай болатын. Сол адам былай деді: Иса жер бетіне адасқандарды іздеп, көптеген адамдарды ақтап алу үшін Өзінің жанын құрбан етуге келді. Мен Киелі кітапқа, Құдайға және осы Исаға әрдайым қарсы болып, мәсіхшілікті “ақ нәсілділердің діні” деп санайтынмын. Мен ешқашан оқымаған болсам да, Киелі кітапты білемін деп ойлайтынмын. Алайда сол елші арқылы Құдай маған Өзінің сүйіспеншілігін паш етті. Сондай сүйіспеншілік тек Құдайда *ғана* бола алады: Ол Өзінің Жалғыз Рухани Ұлы Иса Мәсіхті жер бетіне біз үшін, бүкіл әлем үшін және жеке мен үшін жанын қиюға жіберді! Мен бұған *сене алмадым*. Алайда мен осы *Ізгі Хабарға сеніммен* бет бұра отырып, өз өмірімді Оның қолына тапсырдым, әрі Оның құтқарылу ісін қабылдай отырып мен өз күнәларымды Құдай алдында мойындадым және Иса Мәсіхке менің күнәларымның құнын өтеу үшін Өзін құрбан еткеніне алғыс білдірдім. Енді Құдай маған өзінің кешірімін (рақымын) сыйлады!

“Жеңімпаз болу үшін жаратылған” – атты осы оқулық тозақ туралы түсінікте және соған түсіп қалам ба деген қорқынышы бар, біз сияқты адамдарға көмектесуге арналған көмекші құрал. Егер сіз менікіне ұқсас немесе одан да жаман жағдайды басыңыздан өткізіп жатсаңыз, онда осы оқулықты ақыл-санамен, ашық жүрекпен оқыңыз және онда берілген Құдайдың Сөзі арқылы Оны іздеңіз, өйткені бұл кітап сізге Құдайды табуға көмектеседі. Біздің Тәңір Иеміз — Иса Мәсіхтегі шынайы өмір мен азаттыққа ие болған мен сияқты мыңдаған адамдардың қатарына сіздің де қосылуыңыз үшін мен шын жүректен мінажат етіп сиынатын боламын.

Жапонияда тұтқында болған уақытында Стив Томсон Еммаус Сырттай оқу мектебі ұсынған он екі курсты аяқтады, бұл оның рухани өсіп, нығаяуына үлкен септігін тигізді.

НЕ ІСТЕУІМ КЕРЕК?

Киелі кітапты оқып-үйренуге ықылас білдіргеніңізге қуаныштымыз. Біздің інжілдік сырттай оқу курстарымыз Киелі кітапқа саяхатыңызды бастауға керемет мүмкіндік береді және біртіндеп әр қадам сайын оның ұлы шындықтарына (құтқарылу, рухани өсу, оның тәлімдері, кітаптары, тақырыптық және інжілдік шолу) жетелейді. Осы курс бойынша сабақ кестесін жасаңыз және өзіңіздің ыңғайыңызға қарай оны оқып-үйренуге уақыт бөліңіз.

Бұл курс сізге өз өміріңізде керемет шекараға жетуге көмектеседі, осылайша сіз құтқарылатын қарым-қатынас және Иса Мәсіхпен байланысыңыз арқылы Құдайдың даңқы үшін өмір сүре бастайсыз. Біздің ешқайсымызға да өзімізді “түкке тұрғысыз, жолы болмайтын бейбақпын” деп сезінудің қажеті жоқ. Біз жеңімпаз болу үшін туылғанбыз. Енді неден бастауымыз керек? Осы туралы бір кісі былай деген екен: “Күнәнің қараңғы жолдарынан Құдайға қайта апаратын жол бар. Айқара ашылған есік бар, сен сол арқылы кіре аласың. Күнәкар ретінде Голғотадағы айқыш ағашқа шегеленген Исаға келгенде жерде жаңа өмірге аяқ баса аласың”.

НЕДЕН БАСТАУ ҚАЖЕТ:

1. Құдайдан Оның Сөзін түсінуге көмек бер деп сұраңыз (Забур 118:18).

2. Кем дегенде сабақты зейін салып екі қайтара оқып шығыңыз. Бірінші рет оқығанда сіз жалпы түсінік аласыз, ал екінші рет асықпай зейін салып оқып шығыңыз.

3. Киелі кітаптағы барлық сілтемелерді өз Киелі кітабыңыздан қарап шығуыңызды өтінеміз. Киелі кітаптың бірінші бетінде мазмұны берілген. Мысалы, Жохан 3:16 аятты табу үшін, мазмұнына қарап Жохан

жазған Ізгі хабардың қай беттен басталатынын көресіз. Енді 3:16, мұндағы 3 – бұл сол кітаптың үшінші тарауы, ал 16 – сол тараудағы он алтыншы аят болып табылады.

4. Емтихан парағындағы барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Бұл үшін сіз өзіңіздің Киелі кітабыңызды және сабақтың материалдары берілген оқулықты пайдалана аласыз.

Емтихан парағындағы он екі сабақтың барлығына арналған сұрақтар берілген. Бірінші сабақтың материалдарымен танысып болған соң, сіз емтихан парағындағы бірінші сабаққа қатысты сұрақтарға жауап беруіңізге болады. Басқа сабақтар бойынша да дәл солай істеңіз. Өткен сабақтар бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы сіз сол сабақты жақсырақ түсінесіз әрі соны бекітесіз де. **ЕМТИХАН ПАРАҒЫН ОСЫ ОН ЕКІ СҰРАҚТЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАҒАННАН KEЙІН ҒАНА БІЗГЕ ЖОЛДАЙ АЛАСЫЗ.**

5. Емтихан парағына өзіңіздің аты-жөніңізді, нөміріңізді және мекенжайыңызды таспа әріптермен жазуды ұмытпаңыз.

ТАҒЫ ДА ҚАЙТАЛАЙМЫЗ:

А. Курсты толықтай оқып-үйреніңіз.

Ә. Хаттың сыртына өзіңіздің аты-жөніңізді, нөміріңізді және мекенжайыңызды таспа әріптермен жазыңыз.

Б. Конвертке марка жабыстыруды естен шығармай, емтихан парағын оқулықта берілген мекенжайға хатпен салып жіберіңіз.

БІЗ ӨЗ ТАРАПЫМЫЗДАН

Сіздің емтихан парағыңызды тексеріп, оны бағалаған соң осы курсты оқып бітіргеніңіз туралы куәлікті, сонымен қатар келесі екі курстың қажетті материалдарын сізге салып жібереміз. Біз жолдаған куәліктерді сақтап қойыңыз, біз де сіздің жасаған жұмыстарыңыздың есебін жүргізіп отырамыз.

Сіз бізге емтихан парағын жолдаған сайын, біз өз кезегімізде сізге екі курстың материалдарын жолдап отырмыз. Бұл сіздің қолыңызда төрт курс толығымен болғанға дейін солай болады (кейбір жерлерде бір уақытта алты курсқа ие болу рұқсат етілген). Осы курстардың біреуін оқып-үйренуді аяқтаңыз да, бізге емтихан парағын жолдаңыз (осы кітаптар кейінірек қайталау үшін сізге керек болады). Ал біз сіздің емтихан парағыңызды тексерумен айналысып жатқан кезде, сіз келесі курсты оқып-үйрене бересіз. Біз сіздің қолыңызда кем дегенде оқып-үйренетін бір курстың болғанын қалаймыз. Ал емтихан жұмысыңыздың нәтижесі және жаңа курстар сізге апта ішінде жетеді. Ал біз қолдан келгенше соларды сізге ертерек жеткізуге тырысамыз.

БІЗБЕН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

Сіздің емтихан жұмыстарыңызды бірнеше адамдар тексеретін болады. Сондықтан да әртүрлі курстарды әртүрлі нұсқаушылар жүргізеді. Егер сіз емтихан парақтарымен бірге өзіңіздің ескертулеріңіз бен өтініштеріңізді де қоса жолдайтын болсаңыз, біз бұған өте қуанышты боламыз. Олар сізбен жақынырақ танысуға және сіздің мұқтаждарыңыз туралы біліп алуға көмектесер еді. Егер сіздің Киелі кітап не Құдай туралы, басқа да рухани пікірталас тудыратын ерекше сұрақтарыңыз болса, оларды емтихан жұмысыңызбен бірге жолдай аласыз.

Егер бір сұрақтың жауабы дұрыс болмаса, онда

нұсқаушыңыз бұл жайында сізге *ескерту жасайды* және *Киелі кітаптағы* немесе оқулықтағы сол сұрапыл дұрыс жауап берілген *жерге жауапты* таба аламыз. “Осы жайында сіз не айтар едіңіз?”- деген бөлімдегі *сіздің* шынайы жауаптарыңыз, нұсқаушыңызға жеке тұлға ретінде сізді жақыннан танып-білуіне көмектеседі. Сонымен қатар олар *бізге* жалпы осы *курстың сіздің жеке өміріңіз үшін* қаншалықты пайдалы болғандығын бағалауға да *көмектеседі*.

ДОСЫҢЫЗБЕН БӨЛІСІҢІЗ

Біз түрмеде отырғандарға осы курсты қуанышпен *тегін* таратамыз. Сондай-ақ осы курстардың орыс және ұйғыр тілдеріндегі нұсқауларын да ұсынамыз. Басқа да бас бостандығынан айырылғандарды осы бағдарламаға енгізу үшін бізден тіркеу қағазын жолдауды сұрап немесе осы бағдарламаға қатысуға тілек білдірген адамдардың аты-жөндерін, олардың лагерінің нөмерін және толық мекенжайларын жазып жіберсеңіздер болғаны.

“Ісің алға баспай жатса, нұсқауды оқы!” – деп дұрыс айтқан. Киелі кітап адамдарға арналған сүйіспеншіліктің жолдауы ғана емес, сонымен қатар ол өмірдің жолын көрсететін бағдаршам болып та табылады.

Шынайы сүйіспеншілікке, тыныштыққа, бақытқа және өмірдің мән-мағынасын ұғынуға тырысқан кездерімізде сәтсіздікке ұшырауымыз Құдайдың жол көрсеткіш Киелі кітабын оқымай, соның нұсқауларымен жүрмегендігімізден де солай болады емес пе екен және оның соңынан ілеспегендіктен емес пе?

Киелі кітаптың негізгі түйіні мынада: Құдай Өзінің адамзатқа деген сүйіспеншілігін, біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін Өзінің Жалғыз Рухани Ұлын құрбандыққа беру арқылы бізге құтқарылу сыйлады. Сонымен қатар, Оны Тәңір Ием және Құтқарушым деп қабылдағандарының бәріне Ол жан тыныштығына,

қуанышқа және игілікке толы өмір беруге уәде еткен.

Ескерту және жігерлендіру сөзі осы күнәкар дүниенің әміршісі әзәзіл шайтан сіздің Құдай Сөзін оқып-үйренгеніңізге қарсы, ол бұны қаламайды. Маңайымыздағы адамдардың қорлап келекелеуі арқылы шайтан сізді Құдайдың Сөзін оқуға деген ұмтылысыңыздан айырып, содан бас тартқызуға, кедергі жасауға тырысады. Әрбір істе ең қиыны бастап кету. Бүгін бастаңыз. Біз сізді есімізге алып, сіз үшін Құдайға мінажат етіп сиынамыз.

БІРІНШІ САБАҚ

ЖОҒАЛЫП ТАБЫЛҒАН ҚОЙ

(Лұқа 18:12-14; 15:1-7)

Мәсіхшілік жолындағы сенім туралы әңгімелердің ішіндегі ең ұнамдылардың біреуі жоғалып қайта табылған қой туралы әңгіме. Онда жүз қойдан тұратын отары бар бір бағушы жайында айтылған. Бір күні қойлардың бірі адасып отардан қалып қояды. Бағушы не істеуі қажет? Қалған тоқсан тоғыз қойының бар екеніне шүкіршілік етіп, сонысын қанағат тұта ма? Жоқ, ол тоқсан тоғыз қойын тастап, жоғалған тоқтысын тапқанша мойымастан іздеумен болады. Тоқтысын тапқан соң, оны қуана-қуана иығына салып алып, үйіне оралады. Үйіне келген соң “Жоғалған қойымды тауып алдым, қуанышыма ортақ болыңдар”, – деп достары мен көрші-көлемдерін шақырып алып тойлайды.

Иса Өзінің осы әңгімесінде адамдардың екі түрі туралы баяндайды. Бұлардың біреуі - өздерінің жоғалған адам екенін мойындайтын салықшылар мен күнәкарлар, екіншісі - өздерін күнәкарлар қатарына жатқызбайтын парызшылар (яһуди діни ұйымдарының ішіндегі ең қаталдары) мен дін мұғалімдері (яһуди заңдарын көшіріп және оларды талқылап түсіндірушілер). Адасып, жоғалған қой - салықшылар мен күнәкарларды, ал отарда қалған тоқсан тоғыз қой парызшылдар мен дін мұғалімдерін білдіреді. Иса осы әңгіме арқылы Өзінің тыңдаушыларына күнәсін мойындауды қажетсінбейтін тоқсан тоғыз әділ адамдарға қарағанда, теріс жолдан қайтқан бір күнәкар үшін көктегілердің қатты қуанатынын көрсеткісі келген еді.

Осы әңгімені біз өзімізге де қатысты деп қарауымызға болады. Біз сол санасыз да зердесіз адасып кеткен қой сияқтымыз. Ол отарынан қалып қойып, қайтар жолды таба алмай, қауіпті және қауқарсыз жағдайға түсіп қалады.

Ишая пайғамбар бұл жайлы былай деген: “Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік...” (Ишая 53:6). (1 Петір 2:25). Бағушы немесе шопан, әрине, Иса болып табылады. Ол Ізгі Бағушы (Жохан 10:11), Ұлы Бағушы (13:20) және Бас Бағушы (15:4). Ал енді Иса мен жоғалған қойын іздеуге кеткен бағушыны салыстырып қарап көрейік.

СҮЙІСПЕНШІЛІК - БҰЛ ӨЛІМНЕН ӘЛДЕҚАЙДА ЖОҒАРЫ

Бәрінен бұрын Иса бізді сүйді. Ол бізді әлем жаратылмастан, біз Өзін танып-білместен әлдеқайда бұрын сүйген болатын. Ол сияқты бізді ешкім сүйген жоқ.

Осы сүйіспеншілік Оның көктегі патшалығын тастап кетуіне себепші болды. Оған жер бетіне келудің еш қажеті жоқ еді. Ол Құдай Әкемен шынайы бірлікте болатын. Көктегі патшалықта Ол қайғы-қасіретсіз өмір сүріп жатқан еді және Оның кемелді тыныштығы мен бейбіт жағдайынан Оны еш нәрсе бұза алмайтын еді. Әйтсе де жерде біз сияқты жоғалған қойлардың бар екенін білгендіктен, Ол Өзінің көктегі тағын тастап жер бетіне келді.

Оның адамзатқа деген сүйіспеншілігі Оны күнәға толы осы дүниеге келуге итермеледі. Бетлехемдегі ақырда нәресте болып осы әлемге келу үшін Құдайдың Рухани Ұлы Өзін қаншалықты төмендеткенін біз көз алдымызға елестете алмаймыз. Құдіретті де киелі Құдайдың күнә мен азғындыққа толы осы әлемде өмір сүрген кезінде Өзін қалайша сезінгендігін түсіну біз үшін тым қиын. Өзінің Құдайлық болмысынан, шексіз құдіреті мен салтанатынан, барлығынан бас тартып құлдың кейпін киіп, адам секілді өмір сүру үшін Оның қандай құн төлегенін түсінуге біздің ақыл-санамыз жеткіліксіз!

Содан кейін Ол осы әңгімедегі бағушы іспетті жоғалған қойларды іздеуге шықты. Ол әлденеше рет:

“Мен, Құдай тағайындаған Билеуші, тура жолдан адасып кеткендерді құтқаруға көктен келдім”,- дейді. Адамдар Оны қабылдамай бас тартса да, Ол Өзінің ізденісін тоқтатқан жоқ. Дінбасылары Оны қудалаумен болды, ал Ол іздеуін жалғастыра берді. Тіпті достары да Оны тастап кетті, бірақ Ол Өзінің қызметін тоқтатқан жоқ. Осының бәрі Оны тоқтата алмады, Ол алған бағытынан кері бұрылған жоқ, жоғалған қойларды табу міндетінен бас тартқан да жоқ.

Бағушының қойларына деген сүйіспеншілігі Оны солар үшін жанын қиюға итермеледі, бұл туралы Ол былай деген: “Мен Ізгі Бағушымын, ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қияды”(Жохан 10:11). Бұл ерекше жайт. Әдетте қойлар бағушысы үшін өлімге барады, яғни бағушы ақша алу үшін оларды сатады. Алайда Ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қиды. Ғолғотадағы айқыш ағашта Иеміз Иса біздің күнәмізді өз мойнына алып жанын қиды, осылайша Ол күнәміздің құнын төлеп бізді ақтап алды. Ол бізді Құдаймен татуластыру үшін құрбан болды. Жоғалған тоқтыны табу үшін Оның қандай жағдайларды басынан кешіргенін біздің ешқайсымыз ешқашан толығымен түсіне алмаймыз.

ҚАЛАЙША КЕШІРІМ МЕН РАҚЫМҒА ИЕ БОЛА АЛАМЫЗ

Ал енді Бағушы бүкіл әлемге Ізгі хабарды таратуда. Егер тура жолдан адасып кеткен күнәкар өз күнәсін мойындап, Иса Мәсіхті Тәңір Ием әрі Құтқарушым деп қабылдайтын болса, онда сол адамның күнәлары кешіріліп, құтқарылады. Оған мәңгілік өмір сыйға берілмек (Рим.6:23). Құтқарушымыздан:”Уа, Ием, құтқара гөр мені!”- деп зар жылап жалбарынған кезде, Ол бізге келеді.

Біз Бағушының жоғалған тоқтыны иығына салып алатынын көреміз. Киелі кітапта “иық” деген сөз күшті,

күдіретті білдіреді. Біздің көз алдымызда қандай керемет бейне ашылуда! Бұл Бағушымыздың бізді тек құтқаруға ғана емес, сонымен қатар аман сақтап қалуға да күдіретінің жететінін еске салады. Құтқарушы былай деген: “Өз қойларым даусымды естіп, бағынады. Мен оларды жақсы білемін, олар Маған еріп жүреді. Соларға мәңгілік өмір беремін. Олар ешқашан құрымайды, ешкім оларды Менің қолымнан тартып ала алмайды” (Жохан 10:27-29).

Бағушы жоғалған қойды аман-есен үйіне жеткізгенше, жолда кідірмейді. Біздің Бағушымыз да Өзінің барлық отарын көктегі үйіне аман-есен жеткізгенше алға жылжуын тоқтатпайды. Әрбір сүйікті тоқтысы сол керемет өлкеге жеткен сайын Оның жүрегі ұлы қуаныш пен салтанатқа кенеледі.

Біздің заманымызға дейін бірнеше жыл бұрын Дәуіт пайғамбар Ізгі Бағушыға керемет сүйіспеншілікпен ізет-құрмет көрсетіп тамсанған. Бұл жайт бізге белгілі жиырма екінші Забур жырында былай суреттелген:

Жаратқан Ием — менің Бағушым,
Мен еш нәрседен де тарықпаймын.
Ол мені жасыл жайлауға жаяды,
Тұнық суға жетелеп апарды.

Тәңірім жаныма күш дарытады.
Есімі “Қасиетті” болғандықтан,
Мен сенімімді артамын да Оған:
Ол мені тура жолмен жетелейді.

Қап қараңғы шатқалда жүрсем де мен,
Қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден,
Себебі Өзің менің қасымдасың,
Жігер береді таяғың мен сойылың.

Сен маған дастарқан жаясың
Көз алдында дұшпандарымның,

Мені құрметпен қарсы алып,
Тостағанды толтыра құясың.

Жаксылық пен мейірімділік
Үлесім болады өмірлік,
Жаратқан Иенің үйінде
Мен қала беремін мәңгілік.

Бұл жырда ... не берілгені:

1. Бақытты өмірдің құпиясы берілген: “Тәңірім менің Бағушым”. Осылай деп көптеген адамдар айтады, алайда бұл жеткіліксіз. Біз шын жүректен: ”Тәңірім - менің Бағушым”, - деп айтуымыз керек.

2. Өлімнен кейінгі өмірдің құпиясы берілген: “Қап қараңғы шатқалда жүрсем де мен, қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден. Себебі Өзің менің қасымдасың...” Егер адам өзінің күнәларын мойындамаса және кешірім алмаса, онда ол өлімнен қорқады. Ал сенуші адам Құдайдың алдына барудан қорықпайды, өйткені ол өзінің күнәларының құны төленгенін және Иса оны тас қараңғы өлім шатқалдарынан аман-есен алып өтетінін біледі.

3. Мәңгілік өмірдің құпиясы берілген: “Жаксылық пен мейірімділік үлесім болады өмірлік, Жаратқан Иенің үйінде мен қала беремін мәңгілік“. Құдайдың балалары көктегі өздері үшін дайындап қойылған болашақты уайымдамаса да болады. Бағушы Өзінің уәдесіне берік.

Бірнеше жылдар бұрын Д. Айра Ізгі Бағушы және Оның жоғалған қойды қалай тапқаны туралы өлең шығарды.

Жасыл жайлауда
Токсан тоғыз қой жайылып жүр,
Қауіпті таулы қыраттарда
Қалып қойды біреуі ішіндегі,
Қауіпсіз қорадан шалғайда,

Қамқоршы шопаннан ұзақта.

“Тәңірім мұндағы жетпейтіні бір ғана қой
Қалған тоқсан тоғызы осында ғой”,

Бағушы сонда мұңайып:

“Қалайша оны қалдырам?

Барайын оның соңынан,

Қатерлі жолдардан өтсем де

Сүйікті қозымды табайын”.

Сол түні құтқарған жандардың ішінде

Жоғалған қозыны іздеген

Шопанның сапарын көрмеді ешбірі.

Ол басты қараңғы тауларды,

Сұрапыл бораннан өтті де.

Тұңғыық үстінен қозысын тапқан соң

Қозысын қуана иыққа салды Ол.

Тәңірім неліктен, қан басқан іздерің?

Сен жүрген жолдарда, жол бойы қан жатқан.

“Жоғалған қозымды мен табардан бұрын,

Төктім мен қанымды сүйгендіктен ол үшін”.

“Тәңірім, Құдайым қолыңа не болған?”

“Тікенді жолдарда олармен жол салдым”.

Бұл дауыс бар күмәнді басып өтіп

Жұмақтың қақпасына кіріп жетті:

“Қуаныңдар табылды жоғалған қой,

Адасқанды аман-есен жеткіздім ғой.”

Періштелер киелі ән бастады,

Мадақтаумен аспанды жаңғыртады!

ЕКІНШІ САБАҚ

ҚАЙЫРЫМДЫ САМАРИЯЛЫҚ

(Лұқа 10:30-37)

Иерусалим мен Иерихон қалаларының арасындағы жол саяхатшылар арасында өзінің жаман атағымен әйгілі болатын: сол жолмен жүру қауіпті еді, өйткені онда қарақшылар көп болатын. Жол бойы санаулы-ақ үйлерді кездестіре аласыз, әрі бұл қаланы байланыстыратын жалғыз жол болғандықтан, саяхатшыларға тәуекелге бел буып, осы жолмен жүруге тура келетін.

Күндердің бір күнінде осы елсіз жолмен бір яһуди сапар шегіп келе жатты, сол сәтте жолдың жағасындағы талдардың арасынан бір топ қарақшы келіп оған бас салады. Қарақшылар оның киімдерін сыпырып алып, ұрып-соғып тастап кетеді, өйткені оның содан басқа құнды ешнәрсесі жоқ еді. Сонымен ол шалажансар күйінде қансырап жол бойында жатады.

Біраз уақыттан соң бір яһуди діни қызметкер сол жолмен кездейсоқ өтіп бара жатады, ол жолдың шаңына былғанып қиналып қансырап жатқан адамды (өзінің қауым мүшелерінің бірін) көре тұра, оның қасынан өтіп кете береді. Әдеттегідей жағдайда діни қызметкер оған көмектесер де еді, алайда қазір оның өз өміріне қауіп төніп тұр. Өйткені қарақшылар кез келген сәтте қайта келуі мүмкін ғой. Сондықтан да ол тезірек жолдың арғы бетіне өтіп, бұл жерден ғайып болады.

Бұдан кейін бір леуілік те сол жолмен өтіп бара жатады. Ол да яһуди болатын және оның міндеті ғибадатханадағы діни қызметкерлерге қызмет көрсету болды. Ол тонаушылық құрбаны болған және жедел көмекке мұқтаж осы адамды көреді. Алайда бұл тұзақ болуы мүмкін ғой! Кім біледі, егер ол тоқтайтын болса, онда бірнеше

қарақшы мұның өзіне де бас салатын шығар. Содан бұл тоқтамастан тез жүріп өтіп кетеді.

Ақырында бұл жерге жолаушылап есек мінген бір самариялық келеді. Самариялықтар басқа ұлт өкілдерімен жақындасып кеткен еврейлердің ұрпақтары болатын, сондықтан яһудилер оларды жақтырмайтын. Негізінде яһудилер самариялықтармен араласпайтын. Алайда ол әлгі яһудиді көргенде, оған жаны ашып бірден әрекетке кірісе бастады. Ұлттық қарсылықты және өзінің жеке қауіпсіздігі туралы ойламастан, ол есектен түсіп, оның қасына барып, еңкейіп жараларын жуып, таңады. Сонан соң әлгі адамды есегіне мінгізіп, жақын маңдағы қонақ үйге алып келеді. Түні бойы жарақаттанған адамды күтіп шығады.

Ертеңіне самариялық сапарын жалғастыруға тиісті еді. Жолға шығардан бұрын ол қонақ үй иесіне ақша беріп: “Мына кісіге аяғынан тұрып кеткенше қамқорлық жасай гөр. Егер берген ақшам жетпейтін болса, онда қайтар жолымда оған жұмсаған артық шығындарыңды төлеп беремін”, - деді.

Сіздің ойыңыз қандай болмасын, дегенмен ерекше атап кететін жайт, осы екі ұлттың арасындағы шиеленіскен қатынасқа қарамастан осы самариялық яһудиге игі іс жасады.

ОҚИҒАНЫҢ ТОЛЫҚ КӨРІНІСІ

Осы сияқты әңгімелерді айтқан кезде Иса солар арқылы нақты тәлім беретін. Бұл жерде Ол Таурат заңын үйретуші дін мұғаліміне адам Құдайды шын жүректен сүюге және өзін қалай сүйсе, маңайындағы адамды да сүюге тиіс екенін үйретеді. Дін мұғаліміне бұл ой ұнамағандықтан, ол осы ілімді қабылдағысы келмеді. Сондықтан да ол сөз сайысына ауытқу мақсатында Исаға былай деп сұрақ қойды: “Маңайымдағы адам кім болғаны?” Иса оның сұрағына қайырымды самариялық туралы астарлы әңгіме арқылы жауап берді. Бұл сұрақтың жауабы өте

қарапайым: нәсіліне, діни нанымдарына немесе терісінің түсіне қарамастан көмекке мұқтаж болған әрбір жан біз үшін маңайымыздағы адам болып табылады. Бұл – осы әңгіменің негізгі ойы.

Сонымен қатар біздің ойымызша, бұл әңгіме Тәңір Иеміз Исаның мұқтаж адамдарға рақым көрсететінін жақсы суреттеп кеткен. Келіңіз осы әңгімені тағы бір рет қарастырып шығайық: бұл әңгіме адамдарға құтқарылу туралы Ізгі хабарды жеткізеді.

Осы әңгімеде баяндалған адам Иерусалимнен Иерихонға сапарға шығады. Иерусалим – “Бейбітшілік қаласы” дегенді білдіреді. Ал Иерихон қаласы Иордан өзенінің жағалауында орналасқан, оның сулары оңтүстікке қарай ағып, Өлі теңізге барып құяды. Сонымен, осы адам бейбітшілік қаласынан өлім ордасына бет алды. Бұл нақыл сөздер кітабындағы мына сөздерді есімізге салады: “Адамға түзу болып көрінген жолдар да бар, ақырында олар ажалға бастар” (Нақ. сөз. 14:12).

Осы жолда ол қарақшылардың қолына түседі. Бізбен де дәл осылай болады: Құдайдан бет бұрып, рухани құлаған кезде біз де осындай қайғылы жағдайға түсіп қаламыз. Киелі кітап былай дейді: “... Зымиянның жолы тым ауыр болар” (Нақыл. сөз 13:115). Күнәнің салдарынан қашып құтылу мүмкін емес.

Қарақшылар тобы әлгі байғұс адамды тонады, күнә да бізді сондай жағдайға салады. Ол адамдарды адалдықтан, шынайы қуаныштан, азаттықтан және өмірлік құндылықтардан жұрдай қылады.

Қарақшылар сонымен қатар әлгі кісіні ұрып-соғып, шалажансар күйінде жол бойына тастап кетті. Бұл бізге күнәнің адам өміріне әкелетін жүректі сыздатқан азаптан адамның өзін кінәлі сезінуін және басқа да жан жарақаттары мен өкініш сезімін есімізге салып тұрады. Күнәнің жазасын тартатын күн міндетті түрде туады, өйткені “күнәнің беретіні – өлім” (Рим. 6:23).

АДАМҒА ҮМІТ АРТУДЫҢ ПАЙДАСЫ ЖОҚ

Діни қызметкер мен леуілік жол бойында жатқан адамның жанынан түк көрмегендей өтіп кетті, тіпті оған көмек беруге тоқтаған да жоқ. Осы оқиғадан біз бірнеше тәлім ала аламыз.

Біріншіден, күнәкар “қатты мұқтаж болған” жағдайда көмектесетін шығар деп адамға үміт арта алмайды, өйткені “пенденің қолдауы ешбір пайдасыз” (Забур 59:13).

Екіншіден, дінбасылары – уағыздаушылар, діни қызметкерлер немесе дін мұғалімдері – адамның жанын сақтап қала алмайды. Бұны тек Құдай ғана жасай алады.

Үшіншіден, діни қызметкер мен леуілік ғибадатхана қызметшісі заңның өкілі болуы мүмкін, өйткені Мұсаның Таурат заңы оларға осындай жауапкершілік жүктеген. Олай болса, Иса Өзінің тәлімі арқылы бізге мынадай шындықты жеткізгісі келеді: Заң немесе Он өсиет адамға құтқарылу сыйлай алмайды. Құдайдың адамдарға Он өсиетті құтқарылуға жеткізетін құрал ретінде емес, қайта адамдарға өздерінің күнәкар екендігін көрсету үшін берді. Заң айна іспетті. Ол адамға оның бет жүзінің кір екенін көрсетеді, алайда ол сол кірді жуып тазалай алмайды.

Біз Тәңір Иеміз Иса Мәсіхтің сол қайырымды самариялық сияқты бізге көмекке келгенін білеміз. Ол көктен осы күнәға толы әлемге тура жолдан адасқандарды іздеп, құтқару үшін келді.

Қайырымды самариялық сияқты Иса да керемет рақым мен мейірімділік көрсетті. Мұқтаждық көрген яһудиге осындай үлкен көмек көрсету арқылы жеккөрінішті самариялық аса керемет ізгіліктің үлгісін көрсетіп кетті. Ал өмір мен құдіреттің Әміршісі – осы күнәкар және азғын дүние үшін Өзінің азап шегіп, қанын төгіп, жанын қиюы арқылы одан бетер шексіз сүйіспеншілік пен ізгілікті көрсетіп кетті. Елші Пауыл осы керемет сүйіспеншілік пен мейірімділікке таңырқағаны соншалықты, ол бұны мына сөздермен бізге жеткізеді: “Иеміз Иса Мәсіхтің

рақымдылығын жақсы білесіңдер: Ол сондай бай бола тұра, сендердің рухани баюларың үшін бәрінен бас тартып, жоқшылыққа ұшырады!“ (2 Қор. 8:8). Иса біздің рухани баюымыз үшін жоқшылыққа ұшырады.

ҚАЙЫРЫМДЫ АДАМ

Қайырымды самариялық өз өміріне қауіп төніп тұрса да, қарақшылар тонап кеткен адамға көмек көрсету үшін тоқтады. Ал Иса Өзінің өмірін тәуекелге тігіп қана қойған жоқ, Ол біз үшін жанын қиды. “... Ол мені сүйгендіктен Өзін мен үшін құрбан етті!“ (Ғал. 2:20).

Қайырымды самариялық жолда жатқан зардап шегушінің жараларын жуып, таңды. Ал Тәңіріміз Иса бұдан да жақсыны жасайды. Ол жүректері күйзелгендерді сауықтырып, рухани соқырлардың көзін ашады (Лұқа 4:18). Самариялықтың жол бойындағы сол кісінің жараларына құйған зәйтүн майы Киелі рухты білдіреді, оны Құдай құтқарылғандарға сыйлайды. Шарап мәсіхшінің қуанышын бейнелейді. Күнә жарақатынан азап шеккен адамдардың өміріне Құтқарушымыз зәйтүн майы мен шарапты төгеді.

Қайырымды самариялық өзінің жаңа досын шаң басқан жолда қалдырып кетпеді. Ол оны қонақ үйге алып келді. Тура сол сияқты Құдай да құтқарылған балаларын басқа сенушілермен қарым-қатынаста болулары үшін жергілікті қауымға алып келеді. Егер біз жападан-жалғыз қалдырылсақ, онда күнәнің құлдығына қайта оралу қаупі әрдайым біздің басымызға төніп тұрады. Алайда басқа сенушілермен қарым-қатынас жасау арқылы біз рухани өсіп, нығаймыз және осы өмірде таза да әділ өмір сүруді үйренеміз.

Таңертең қонақ үйден кетер алдында қайырымды самариялық жаңа досының өзінің қайта оралуына дейінгі аралықтағы барлық мұқтаждарын қамтамасыз етіп кетті. Иса да осылай жасады. Ол бізге Өзінің Сөзі –

Киелі кітапты тастап кетті және бізге қамқоршы ретінде Өзінің Киелі Рухын сыйлады. Ол бізге тәлім беретін, қарым-қатынас сыйлайтын, бірлікте мінажат етіп сиына алатын және Тәңірдің кешін өткізіп Иемізді еске алатын қауымды берді. Ол бізге күнделікті күш-жігер береді және Өзі тұратын мекенінде біз де мәңгілік Онымен бірге болуымыз үшін бізді алып кетуге Өзінің қайта келетіні туралы уәде етті.

Осылайша қайырымды самариялық туралы әңгіме бізге Құтқарушымыздың біз үшін жасағандарының керемет әрі нақты көрінісін көрсетеді. Ол маңайымыздағылармен қарым-қатынасқа қатысты бүгінгі әлемдегі кең тараған үш қағиданы көрсетеді:

Біріншісі: “сенікі – менікі, мен соның бәріне ие боламын“. Бұл – қарақшылардың қағидасы.

Екіншісі: “не менікі болса – сол менікі және мен оны ешкіммен бөліскім келмейді“. Бұл – діни қызметкер мен ғибадатхана қызметшісінің қағидасы.

Үшіншісі: “мендегінің бәрі сіздікі және мен қолымда барымды сізбен бөліскім келеді“. Бұл – қайырымды самариялықтың қағидасы.

ҮШІНШІ САБАҚ

ПАРЫЗШЫЛ МЕН САЛЫҚШЫ

(Лұқа 18:9-14)

Ең алдымен парызшыл мен салықшы – деген сөздерінің мағынасын ашып алайық. Парызшыл – Құдайдың заңдарын қатал сақтайтындығын мақтан тұтатын діни ұйымның мүшесі. Олар ұсақ-түйек мәселелерге көп көңіл бөліп, ал өмірлік ұлы міндеттерге көңіл бөлмейтін.

Сөздері істеріне сәйкес келмегендіктен, олар халық арасында діншіл екіжүзділер және шылдырлаған қоңырау ретінде әйгілі.

Салықшы – рим өкіметі үшін салық жинаушы адам болатын. Інжілдегі салықшылар яһудилер еді, алайда олар басқыншы римдіктерге қызмет еткендіктен, өз халқының арасында жағымсыз сатқын ретінде жеккөрінішті болатын. Оларды халықты тонаушылар деп те айтатын. Сондықтан да, олар қоғамның діни өмірінен қуылып, оған еш қатыспайтын.

Қалай болғанда да, парызшыл мен салықшы ғибадатханаға сиынуға барады. Парызшыл барлығына көрінетін жерде тұрып алып, басқа адамдар естісін деп дауыстап мінажат етеді. Ол шамамен былай мінажат етеді: “Уа, Құдай, мен өзім білетін басқа адамдар, мысалы, ана сүйкімсіз салықшы сияқты күнәкар болмағаным үшін ризашылығымды білдіремін. Мен өзгелердің заттарын тартып алмаймын және жауларыма қызмет етпеймін. Неке адалдығын бұзбаймын, аптасына екі рет ораза тұтып, барлық тапқан-табысымнан ұдайы қайыр-садақа беріп тұрамын. Сенімен жақсы қатынаста екенімді білемін”.

Ал салықшы болса өзін ешкім байқамайтындай жерді тауып алды. Ол өзінің түкке тұрғысыз адам екенін түсінгендігі соншалықты, тіпті назарын көкке көтеруге дәті бармады. Ол қолымен кеудесін ұрғылап, кішіпейілдікпен және мойынсұнушылықпен “Уа, Құдай, күнәкармын, рақым ете гөр!”- деп жалбарынды.

Иса осы оқиғаны былай деп түсіндіреді, салықшы Құдайдың алдында дұрыс бағытты ұстанды, өйткені ол өзін төмен тұтты. Парызшыл қандай адам болса, үйіне сондай күйінде қайтты, өйткені ол өзін Құдай алдында жоғарылатты. Ал енді осы екі адамға және олардың мінажатына көз салайық, біз солардың қайсысына ұқсаймыз.

ҚҰДАЙМЕН СҰХБАТТЫҢ ЕКІ ТҮРІ

Парызшыл дұғасында тек өзі жайлы ғана айтты. Бүкіл сөзінде оның “менмендігі” ең басты орында тұр. Ол өзінің не істейтіні және неден аулақ болуға тырысатыны туралы мақтанышпен айтады. Ол аптасына екі рет ораза тұтады, ал заң бойынша жылына бір-ақ рет ораза тұту қажет (Леу. 16:29; 23:27; 29; Сан. 29:7). Ол өзінің барлық табысының оннан бір бөлігін береді, ал заңдәнді дақылдың, шараптың, зәйтүн майының және малдың оннан бір бөлігін беруді ғана талап етеді (Заң. қайт. 14:22-23).

Салықшының дұғасы кішіпейілдігімен ерекшеленеді. Ол өзін күнәкар сезінгендіктен Құдайға жақындап баруға лайықсызбын деп кіреберісте тұра салды. Көкірегін ұру арқылы ол өзінің Құдай алдында түкке тұрғысыз екенін және істегендерінің дұрыс емес екенін көрсетті.

Парызшыл өзін басқа адамдармен салыстырды: “мен өзім білетін басқа адамдар сияқты, ..., ана сүйкімсіз салықшы сияқты”, деді. Біз осылай әрекет еткенде әрдайым өзімізден жаман адамдарды таба аламыз.

Салықшы болса өзін Құдайдың адамға берген үлгісімен, яғни Оның заңымен салыстырып, сондықтан ол өзінің түкке тұрғысыз күнәкар екенін түсінді. Он өсиет түзу сызық іспетті. Осы түзу сызыққа аяқ басқанда ғана, өзіміздің бұрыстығымыз бен қисықтығымызды көре аламыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы біз өзімізді Құдайдың стандарты бойынша бағалай аламыз:

ИӘ ЖОҚ

Сіз Құдайды шын жүректен, бүкіл жан-дүниеніңізбен және барлық ақыл-ойыңызбен, бар күш-қуатыңызбен сүйесіз бе? (Марқа 12:30)

Өзіңізді сүйгендей маңайыңыздағы адамды сүйесіз бе? (Марқа 12:31)

Сіз ата-анаңызға лайықты құрмет көрсетесіз бе? (Мысыр. шығу 20:12) _____

Сіз әрдайым әділ өмір сүрдіңіз бе? (Марқа 7:21-23) _____

Сіз қашан болмасын жүрегіңізде бір әйелге құмарта қараған кезіңіз болды ма? (Мат. 5:28) _____

Сіз жасаған игі істеріңіздің барлығын өз ақыл-санаңыздың арқасында жасадыңыз ба? (Жақ. 4:17) _____

Сіз қашан болса да ұрлық жасадыңыз ба? (Мыс. шығу 20:15) _____

Өтірік айттыңыз ба? (Мыс.шығу 20:16) _____

Кісі өлтірдіңіз бе? (Мыс. шығу 20:13) _____

Сіз Құдайдың атын орынсыз аузыңызға алған кезіңіз болды ма? (Мыс. шығу 20:7) _____

ДҰРЫС ЖӘНЕ ТЕРІС ЖОЛ

Салықшы басқаларға қараған жоқ. Ол өзін Құдайдың стандарты бойынша бағалады және өзінің күнәкар екенін түсінді.

Парызшыл толығымен өзіне және өзінің игі істеріне сүйенді. Салықшы Құдайдың рақымына толығымен үміт артты. Парызшыл жақсы өмір сүргені үшін мақтанды. Ал салықшы болса Құдайдың мейірімінің алдында тізе бүкті.

Парызшыл әлемдегі жалғыз киелі адам өзі ғана болғандай сөзін былай бастады: “Мен өзгелер сияқты

емеспін...” Салықшы болса әлемдегі ең күнәкар адам сияқты Құдайға сөзін арнап, былай деді: “Уа, Құдай! Мен күнәкармын, рақым ете гөр!”- деп мінажат еткенде ол шын мәнінде былай деген еді: “Өзімнің күнәларымның құнын төлей алмайтынымды білемін, сондықтан менің күнәларымның құнын өтейтін құрбандықты дайындашы деп Сенен сұраймын”. Құдайдың осындай құрбандықты дайындап қойғанын біз білеміз. Ол Өзінің Жалғыз рухани Ұлын біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін құрбандыққа берді. Күнәнің төлемі – өлім (Рим. 6:23). Иса біз үшін жанын қиды. Біз Исаны Тәңір Иеміз әрі Құтқарушымыз деп қабылдағанда, Құдай бізге рақым етіп күнәларымызды кешіреді, өйткені олардың құны төленіп қойылған.

ЕГЕР СҰРАМАСАҢЫЗ, СІЗ АЛА АЛМАЙСЫЗ

Біз көріп отырғандай, салықшы рақым етуді сұрады және ол оны алды. Парызшыл, керісінше, еш нәрсе сұраған жоқ, сондықтан да ол еш нәрсені ала да алмады.

Күнәсін мойындаудан бас тартқан адам сол күйі күнәсін аркалап кетті. Ал күнәсін мойындауға мұқтаж екенін мойындап тәубеге келген адам, үйіне ақталып кетті. Бұл оның Құдай алдында дұрыс орында тұрғанын білдіреді. Құдай Өзінің алдына күнәсіне өкініп, Иса Мәсіх мұның күнәсі үшін өлгеніне сенім артып келген әрі Құтқарушым Тәңір Ием деп Оны қабылдаған әрбір адамды ақтайды. Адам өзінің күнәкар екенін мойындамайынша Құдай оны құтқара алмайды. Осы оқиғаның соңы да әртүрлі болып аяқталады. Парызшыл өзін жоғарылатса, Құдай оны төмендетті. Салықшы өзін төмен тұтқанда, Құдай оны жоғарылатты.

Негізінде осы екі адам әлемдегі жалғыз екі дінді бейнелейді. Біреулер мұны мақұлдамай, әлемде жүздеген әртүрлі діндер бар деп айтатын шығар: мысалы, буддизм, ислам, индуизм, яһуди діні, мәсіхшілік және тағы

басқалар. Иә, алайда адам жанын құтқару мәселесіне байланысты екі ғана пікір бар. Парызшыл адам өзінің игі істерімен құтқарылу ала алады деп үйрететін барлық діндерді көрсетеді. Өйткені олар: адам өз игі істерімен, діншілдігімен, құрбандықтарымен, өзінің жақсы мінез-құлықтарымен, талпыныстарымен құтқарылуға ие болады дейді. Әрине, жерде өмір сүрген уақытында ол құтқарылғандығына сенімді бола алмайды, өйткені құтқарылу үшін жеткілікті игі істер жасады ма, жоқ па онысын ешқашан біле алмайды.

Салықшы шынайы дінді көрсетеді. Ол адам өзін-өзі құтқара алмайды деп үйретеді. Сонымен қатар, ол тағы былай деп те үйретеді: егер адам өзінің күнәкар екенін мойындап, Исаны Тәңір Ием, Құтқарушым әрі мәңгілік өмірге апаратын жалғыз Жол деп қабылдайтын болса, онда Құдай сол адамға құтқарылуды тегін сыйлайды.

Парызшылдың дінін қысқаша былай суреттеуге болады:

Парызшылдың әні:
Күнбе-күн өмірімнің барлық жолында
Мен жақсырақ бола түсемін.

Салықшының әні:
Жалаңаш мен сорлымын.
Құр алақан келемін.
Тек айқышқа жақындап
Өтінем киіндір деп,
Ағын суға шомылдыр
Құтқарушым, рақыммен
Бәз қалпымда қабылда,
Сенсіз мен өлім құшам.

ТӨРТІНШІ САБАҚ

АДАСЫП ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҰЛ

(Лұқа 15:11-32)

Сол күні оның шыдамы шегіне жеткен еді. Кенже ұл: “Болды, жетер енді!”- деп үйден біржола кетуге шешім қабылдады. Бұл жерде бір мәселе – оның ақшасы жоқ еді, қаражаттың барлығы әкесінің қолында болатын. Әрине әкесі қайтыс болғанда, мұраның үштен бір бөлігі оның қолына тиеді. Ал дәл қазір сол мұрасы оған ешқандай пайда әкелмейді.

Ол іскер мәнермен әкесіне сөзін арнап: “Әке, мен өз еншімді қазір алсам қалай қарайсыз?” – дейді.

Бұл сөздер әкесіне пышақпен жүрегін түйреп өткендей ауыр тиді. Алайда әкесі өзін қолына алып, баласына сұрағанын бөліп береді. Кіші ұлы өз еншісін алған сәтте күнәнің ордасы болған алыстағы бір қалаға аттанады.

Бұл не деген тамаша! Ешкім саған ақыл үйретпейді, аға және кіші буын арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Міне, азаттық деген осы! Әлгі шал оған енді қайтып бұйрық бермейді. Көңіл көтеретін орындардың алуан түрі көп, қалағаныңша ішіп-жейсің, есірткі мен құмар ойындары да жеткілікті. Достан көп адам жоқ, әсіресе әйелдер арасынан, өйткені ол мәрт жігіт қой! Ол ақшаны есепсіз құрта бастады, ақша судай ағып жатты. Күн сайын достарымен бірге ішіп-жеп, көңіл көтеріп, той тойлаумен болды.

Ақыры ақшасы таусылып, ештеңесі қалмағанда пәленің барлығы басына қардай жауды: жұмыссыздық, жоғары бағалар, тіске басар еш нәрсе жоқ, қарыз деген бастан асып жатыр.

МҰРАГЕРДЕН ШОШҚА БАҒУШЫҒА АЙНАЛУ

Иә, ол аштықты басынан өткізіп жатты, ал бұрынғы сансыз көп достары жел айдап кеткендей жоқ болды. Оны шөл қысып жатқанда, ешқайсысы оның аузына су тамызған жоқ. Тұрар орынға ақша төлей алмағасын үйінен қуылды.

Ақыры “маңызды жұмыс” табылды, ол – шошқа бағу! Діни қызметкердің оны көрмейтіні жақсы болды. Арам шошқаларды бағу. Ол шошқаларға қызғанышпен қарайтын, өйткені олардың қарны тоқ, ал бұл болса үнемі аш жүреді.

Сасық ақырдың жанында тұрып, ол әрдайым өз үйін еске алатын: әдемілеп жайылған мол дастарқан басында отырған отбасы жайында, жаңа піскен нанның иісі мен үйіндегі өздерінің қызметшілерінің жағдайы жайлы жиі ойланатын. Өйткені олар бұған қарағанда әлдеқайда жақсы өмір сүретін. Ал бұл аштан өлейін деп жүр. Ол қандай ақымақ болған!

Қалі нашарлап кеткен соң, ол ақылға келіп, “қой, мен әкеме барып, өзімнің жүгенсіздігім үшін одан кешірім сұрайын” деген шешімге келеді.

Әкесі оны күтіп жүрген болса керек, өйткені баласы әлі жолда келе жатқанда оны көріп, алыстан таниды. Ол есік алдындағы орындығында отырған еді, ұлының келе жатқанын көріп, оны күтіп алу үшін алдынан жүгіріп шықты. Адасқан ұл күнәсін мойындап, еңіреп жылай бастайды, алайда әкесі оны бауырына басып жұбатып, бетінен сүйді. Қандай кездесу! Ешқандай айыптау жоқ! “Мен саған айтып ем ғой” – деген сияқты насихаттар атымен жоқ. Әкесі оған өзінің сүйіспеншілігінен өзге еш нәрсе көрсеткен жоқ!

Олар үйге кіргеннен-ақ қызметшілер арасында зыр жүгіру әкелді. Сонан бордақыланған өгізшені сойып тойға дайындала бастады.

Әкесінің қуанышында шек болған жоқ. Ол жұртқа:

“Қараңдар – менің ұлым өлген еді - тірілді, жоғалған еді - табылды”, - деді. Той-думан түннің біраз уағына дейін созылады.

Ал үлкен ұлы жұмыстан кейін үйге келіп, той-думанның не себептен болып жатқанын білгенде, қатты ашуланып үйге кіргісі келмейді. Әкесі сыртқа шығып неге тойға қатыспай жатырсың? - деп сұрағанда, ол әкесіне өз өкпесін айта бастайды: “Мен ешқашан үйді тастап кеткен емеспін және күнә ордасына барған да емеспін. Бұзылған әйелдерге барып, мал-мүлкіңізді шашып ысырап еткен де емеспін, бірақ та сіз маған осы сияқты той-думан жасаған жоқсыз ғой. Сіз ешқашан мен үшін өгізше былай тұрсын, ((соқыр)) лақ та сойған емессіз. Ешқашан. Сіздің бұл ұлыңыз түкке-тұрғысыз, жүгенсіз адам еді, алайда ол үйге қайтып келгенде сіз оған той-думан жасап жатырсыз. Ал мен болсам ешқашан сізге қарсы шыққан емеспін, әрі бұйрықтарыңызды бұлжытпай орындап келемін, ал сіз сол үшін маған не бердіңіз? Шындығын айтқанда түкте!”

Әкесі оны жылы сөзбен жұбатады, оның жауабы шамамен мына ойды білдіреді: өзін-өзі күнәсіз киелімін деп санайтын ұлға қарағанда, күнәсіне өкініп қайта оралған түкке-тұрғысыз ұл үшін қуануға себеп жеткілікті.

ОСЫ ОҚИҒАНЫҢ НЕГІЗГІ ОЙЫ

Иса бұл оқиғаны Өзін күнәкарлармен доссың деп айыптаған өзімшіл адамдарға арнап айтты. (2 аят). Осы әңгімедегі әке Құдайды бейнелейді. Кіші ұл күнәсіне өкініп кешірім алғысы келген күнәкарды көрсетеді. Тұңғыш ұл – ол да күнәкар, алайда ол онысын мойындағысы келмейді. Ол өзін басқалармен салыстырып, жақсы адаммын деген қорытындыға келеді. Оқиғаның басты ойы – Құдай өз күнәсін мойындамай, әрдайым игі істерімен әрі кінәратсыздығымен мақтанатын өркөкірек адамға қарағанда, күнәсіне өкінген әрбір күнәкар үшін көбірек

куанады.

Алайда біз осы әңгімеден ала алатын басқа да тәлімдерді жіберіп алғымыз келмейді.

Кіші ұлы мұралық еншісін сұрап, үйден кеткісі келгенде, бұл әкесінің жүрегін жаракаттады. Сондықтан, күнә - бұл тек Құдай заңын бұзу ғана емес, сонымен қатар біз осы әрекетіміз арқылы Оның жүрегіне жара саламыз.

Кіші ұл алыс елге кетті, алайда ол тек шошқаның «мүйізін» ғана тапты. Біздің көпшілігіміз де солай әрекет етеміз. Біз осы әлемнің барлық ләззатының дәмін татып көріп, күнәнің жемістерімен рақаттанғымыз келеді. Кенже ұлдың алған сабағынан біз де тәлім сабақ аламыз: осы дүниедегі күнәкар ләззаттың барлығы да уақытша және олардың жұбанышы ұзаққа созылмайды.

Ақшасы бар кезде, оның досы да көп болды. Алайда ол шынымен де достарына мұқтаж болған кезде, олардың ешқайсысы жанынан табылмады. Ешқайсысы оған еш нәрсе бермеді. “Әзәзіл шайтан билеген әлемде еш нәрсе тегіннен-тегін берілмейді, барлығын да оларға үлкен құн төлеп сатып алу керек”.

Қиын-қыстау кез, аштық кіші ұл үшін өзіндік бір жарылқау іспетті болды. Көбінесе бізге өз-өзімізге келу үшін қандай да болмасын күйзеліс, сәтсіздік, ауру, қайғы-қасірет немесе осы оқиғадағы сияқты жағдайларды басымыздан өткеру қажет.

Бұл адам жалғыз-ақ жұмыс таба алды: ол – шошқа бағу. Бұл адамды қорлайтын, түкке-тұрғысыз жұмыс болатын. Күнә да осы сияқты. Ол адамды жаман күйге түсіріп, тығырыққа тірейді.

Ақыры, тығырыққа тірелгенде ол өзіне-өзі келе бастады. Бұл Құдайдың алдына келіп жүрек сырын ашу болып табылады. “Адамның қиын-қыстау, шарасыз жағдайы – Құдай үшін керемет мүмкіндік”.

Тығырыққа тіреліп, ешкімнен көмек болмағанда ғана біз назарымызды көкке аудара бастаймыз. Үйден кеткен сәттен бастап-ақ әкесінің ұлы үшін үздіксіз мінажат еткені сөзсіз.

Мінажат барлығын, сондай-ақ адамды өзгертеді. Біздің көбіміз былай деп айта аламыз: Менің анамның (әкемнің) дұғасы менімен барлық өмір жолымда бірге болып, қорғап-қолдады.

Ұлы әкесіне үйінен кеткенде мынадай сөздер айтқан болатын: “Әке, маған өзіме тиесілі еншілік үлесімді бөліп берші”, ал қайтып келгенде оның аузынан: “Мен ұлыңыз болуға лайықты емеспін, мені жалшыңыздай қабылдай көріңіз” деген сөздер шықты. Басқаша айтқанда, ол кетерде өзіне тиесілі деп ойлағанын талап етуі арқылы кетсе. Ал қайтып келгенде ол рақым етуді өтініп сұрады. Рақым соттан жақсы.

Әкенің ұлын зор қуанышпен қарсы алу бізге Құдайдың жүрегінің ұлылығын көрсетеді. Менің ойымша, асығыстықты Құдай жақсы мағынада суреттеген Киелі кітаптағы жалғыз жер осы шығар, яғни Ол қайта оралған күнәкардың алдынан жүгіріп шыққан кез.

Ең жақсы киім әділдіктің киімін бейнелейді. Құдай оны күнәсіне өкініп, Исаға сенім артқан күнәкарға кигізеді (2 Қор.5:21). Оның аяғына кигізген аяқкиімі, сенушілердің Құдайдың отбасына құл ретінде емес, керісінше мұрагер ретінде кіргізілгенін көрсетеді. Құлдар аяқкиім кимейтін.

Ұлының қайта оралуына арналған керемет той-думанды суреттей отырып, Киелі кітап олар көңіл көтере бастады, - дейді. Онда олар қуанышын тоқтатты деп айтылмаған. Күнәкар Әкесіне қайта оралған кезде, көктегілер бұған үздіксіз қуанып шаттанатын.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АДАСҚАН ҰЛ

Бірнеше жыл бұрын бір жас жігіт үйін тастап кетіп, басқа бір штатқа барып, сонда жүгенсіз өмір сүре бастайды. Ол еш нәрсеге жоқ демейтін, содан он жыл бойы ата-анасын ұятқа қалдырып, масқаралаумен болады. Ақырында, ол да адасқан ұл сияқты ақылға келіп, үйіне

қайта оралып, жаңа өмір бастауға шешім қабылдайды. Алайда ата-аналары оны құшақ жайып, жылы қабылдар ма екен? Ол бұған сенімсіз еді. Сол себептен ол өзінің осы ниеті туралы үйіне хат жолдап, анасынан егер олар мұның үйге қайта оралуына қарсы болмаса, гүл бұтағына ақ лента таспа байлап қоюын сұрайды. Автобус үй жанынан өтіп бара жатқанда ол жауапты білетін болады. Егер гүлдің бұтағында ақ лента болмаса, онда ол үйіне оралмай, өтіп кетеді.

Ақыр аяғында автобус оның туған қаласына кіргенде, әлгі жігіт абыржи бастайды. “Мені не күтіп тұр?” деген сұрақ оған тыныштық бермейді. Міне, әкесінің ескі үйі де тұр. Ғажап, гүл бұтасындағы жаймадан жырттылып байланған жүздеген ақ ленталар желмен жан-жаққа баяу желбіреп тұрды. Ол орнынан тұрып, сыртқа шығу үшін автобустың есігіне қарай жүрді. Өзін үйде асыға күтіп отырғанын ол білді.

Құдай да бізді солай күтеді. Оның алдында да ағаш тұр – ол Голғотадағы айқыш ағаш. Оның құшағы жер бетіндегі әрбір күнәкар үшін айқара ашық. Құдай Әкеміз күнәкарлардың тәубеге келіп, күнәларын мойындап, Жаратқан Ие — Өзіне бет бұрып, Құтқарушыны жүректеріне қабылдауға шақырады.

БЕСІНШІ САБАҚ

СОҢЫНДА — ӘРКІМ ӨЗ ҮЛЕСІН АЛАТЫН БОЛАДЫ (Лұқа 16:19-31)

Сіздің ойыңызша, адам өлгеннен кейін онымен не болады?

Көптеген адамдар осы туралы білгілері келеді, сондықтан да мейірімсіз бай мен мүсәпір Елазар туралы әңгіме бізде керемет қызығушылық тудырады. Біз осы

әңгімені қысқаша қарастырып өтейік.

Алдымен біз байды қарастырып көрейік. Ол ең қымбат қырмызы шапан мен сәнді киімдер киіп, күн сайын салтанатпен той тойлап, тамақтың ең тәттісін жеп, жалпы алғанда жарқыраған бірақ мағынасыз өмір сүрген.

Ол әркез терезеден сыртқа қарағанда қақпасының алдындағы аянышты көріністі көретін. Сол жерде Елазар есімді бір мүсәпір жататын. Басқалардың берген садақасымен күнін көрген байғұс Елазардың тұла бойын түгелдей ірінді жара басқан болатын. Көршілердің иттері келіп жараларын жалап жатқанда, Елазардың тіпті соларды қууға шамасы да жетпейтін.

Осы екі адамға қарағанда, байдың Құдайға деген сенімі болмады, ал Елазар шын жүректен Құдайға сенім артты деп айта аласыз ба?

Ақыры Елазар қайтыс болып, оны жерлейді. Оны жерлеу рәсімінің керемет салтанатты болмағаны айдай анық. Оны халықтан жиналған қаражаттың арқасында көмген шығар. Алайда Киелі кітаптағы осы жайлы әңгімеден періштелердің оны, яғни оның жаны мен рухын Ыбырайым пайғамбардың қасына апарғанын білеміз. Сол уақыттағы яһудилер Ыбырайымның қасы деген сөз тіркесін шынайы қуанышты, басқаша айтқанда көктегі ләззат туралы айтқанда қолданатын.

Ыбырайымның өлген соң көкке барғанын олар білетін, сондықтан Ыбырайымның қасында болу деген олар үшін көкте Ыбырайыммен бірге қуану дегенді білдіретін.

СІЗДІҢ БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ ЖОСПАРЫҢЫЗДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАНДАЙ

Бай өліп, оны да жерлейді. Осы жерлеу рәсімінің қалай өткенін сіз көз алдыңызға елестетіп көріңіз: қымбат табыт, ғаламат көп гүлдер, сондай-ақ тірі кезінде байдың жасаған игі істері, өзінің ескі киім-кешектерін қаріп-қасірлерге таратып бергені және тағы басқа сол сияқты

күрбандықтары туралы көптеген жақсы сөздер айтылған шығар. Алайда ол Ыбырайымның қасына барған жоқ. Киелі кітап ол туралы былай дейді: о дүниедегі тозақта азап шегіп жүріп, ол басын көтеріп жан-жағына қарады. О дүние – бұл шынымен де азап шегу орны, құтқарылмаған жандар сонда барады. Олар қайта тірілуге дейін сол жерде болады, сонда тәндері қайта тіріліп, жандары мен рухтарына қайтадан қосылып, олар отты көлге немесе тозақ отына лақтырылады. Тозақ – тергеу абақтысы сияқты, ондағы қылмыскерлер соттың үкімін күтіп жатады. Отты көл – қылмыскер жазасын өтейтін түрме-лагерь іспетті жер.

О дүниеде азап шегіп жүрген бай басын көтеріп шыңыраудың ар жағында Ыбырайым мен оның қасына жантайған Елазарды көреді. Ол қатты дауыспен: “Ыбырайым ата, маған рақым етіп, Елазарды жіберіңізші! Ол бармағының ұшын суға малып алып, тілімді салқындатсын. Мына жалынды отта қатты қиналып жатырмын”, – деп жалбарынады.

Алайда оның өтініші орындалмайды. Ыбырайым оның өмірінде ылғи жақсылық көріп рақаттанғанын, ал Елазардың жамандық көріп, азап шегіп жүргенін есіне салып, енді барлығы өз орнына қойылды дейді. Осыған қоса Ыбырайым тағы да былай деді: сендер мен біздің арамызға терең шыңырау орнатылған, бұл жерден сендерге барғысы келгендер өтіп бара алмайды, ар жақтан бізге де өтіп келе алмайды.

Сол кезде байдың есіне жер бетіндегі бес інісі түседі. Сонда ол Ыбырайымнан: Елазарды әкемнің үйіне жіберіңізші, онда бес інім бар, соларға барып, олардың да осы азапты жерге түспеулері үшін куәлік етіп, оларға құтқарылу жолын көрсетсін, – деп жалбарынады.

Ыбырайым оған: Мұса мен өзге пайғамбарлар жазбалары оларда бар ғой, соларға құлақ ассын! – дейді. Егер олар Киелі жазбаны оқитын болса, олар Иса Мәсіхке сенім арту арқылы ие болатын құтқарылу жолы туралы

болады, - деп ескертеді.

Бай бұны жеткіліксіз, алайда өлгендердің біреуі барса, олар теріс жолдан қайтар еді деген сенімде болды.

ҮКІМНІҢ ШЫҒАРЫЛУЫ

Ыбырайым қорытынды сөзді өзі айтып: “Егер адам Киелі жазбаға құлақ аспаса, онда ол өлгендердің біреуі тіріліп барса да сенбейді”, – деді. Бұл шынымен де солай. Бірнеше күн өткен соң Иеміз Иса Елазар есімді басқа бір адамды өлімнен қайта тірілтеді және де адамдар Оны өлтіру үшін іздейді (Жохан. 11:1-53). Кейінірек Иеміз өлімнен қайта тірілді, бірақ адамдар әлі де Оған сенбеді.

“Бұл мүмкін емес!” - Киелі кітапта тозақ туралы әңгіме болғанда адамдар әдетте осы сөздерді айтады. Көптеген адамдар тозақ пен о дүниені жоқ деп ойлайды. Олардың ойынша, Сүйіспеншіліктің Құдайы бұндай жердің болуына жол бермейді, өйткені бұл Оның табиғатына қарсы келеді. Олар егер тозақ бар болса, ол осында, жерде, - деп мәлімдейді. Ал Киелі кітап не дейді? Иса не айтты?

Тозақтың бар екеніндей о дүние де бар. Иса Мәсіх осы екі орын туралы өте көп айтып кеткен. Оның сол айтқандарына қарайтын болсақ, бұлар ең қорқынышты жерлер.

Киелі кітап бізге Құдай тозақты адам үшін жасамаған деп үйретеді. Ол оны эзезіл мен оның нөкерлері үшін дайындаған (Мат. 25:41). Құдай ешбір адамның тозаққа түскенін қаламайды (Петір. 2-х. 3:9), қайта ешкім сонда түспесін деп құтқарылу жолын дайындап қойды. Егер адам тозаққа түсетін болса, онда оның көкке апаратын жалғыз құтқарылу жолынан өзінің бас тартып отырғаны.

Мейірімсіз бай мен мүсәпір Елазардың оқиғасынан тәні өлгенімен оның жаны мен рухы өлмейтіні бізге айдай анық. Тән туралы: өлгенде тән қатты ұйқыға батады, ал рух пен жан ұйықтамай, сергек болады делінген. Сенуші

кісі өлгенде оның жаны мен рухы көкке көтеріліп, Исаның қасына барып, Онымен бірге тұрады (Філ.1:23; 2 Қор.5:6-8). Ал сенбеуші өлгенде, оның жаны мен рухы о дүниеге кетеді. Ал о дүние, біз айтып кеткендей, шынымен де азап шегу орны. Бай о дүниеде тәндік азап шекті (23 аят), ол көре алды (23 аят), қатты шөлдеді (24 аят), оның есте сақтау (25 аят), есту қабілеттері (25 аят), ақыл-санасы және өзінің ойларын дәлелдеу қабілеті болды (27-28 аят). О дүниедегі азап бізге қорқынышты көріністі береді (23, 24, 28 аят).

СОНЫМЕН МӘН-МАҒЫНА ҚАЙДА ЖАТЫР

Осы оқиғадан біз байлық пен материалдық игіліктің байды өлімнен құтқарып алып қала алмағанын білдік. Уақыты келгенде ол мәңгілікке аттанды. Алайда біз ол бай болғандықтан ғана о дүниеге кетті деп түсінбеуіміз керек. Елазар да көкке мүсәпір болғандықтан кеткен жоқ. Адам өлгенде оның ары қарай қайда баратынын оның сенімі және Иса Мәсіхті Тәңір Ием деп қабылдауы анықтайды (Жохан. 1:12; 3:16; 36).

Тағы бір ескертетін жайт, адамдар жерде болған кезіне қарағанда, о дүниеде (тозақта) болған кезінде өз туысқандарының құтқарылуы туралы көбірек уайымдайды. Бай өзінің жерде қалған бауырларына о дүниеден біреудің барып, оларға ескерткенін қалады. Біреу: “Тозақта сенбеушілер жоқ “ деген екен. Иә, олар енді сенеді, алайда бұған олардың көздері өте кеш ашылған.

Көк пен о дүниенің (тозақ) арасындағы түпсіз шыңырау (26 аят) бізге адам өлгенде оның мәңгілік тағдырының шешіліп қойылғаны туралы ескертеді. Ешқандай да екінші мүмкіндік жоқ. “Егер ағаш құлайтын болса, ... онда ол сол құлаған жерінде қалады“ (Уағыз. 11:3).

О дүние мен тозақ – қылмысты өтеу орындары, ол

жерден бостандыққа шығу еш мүмкін емес.

Ыбырайым байға оның бес інісінің қолында Киелі жазбалар бар, сондықтан Құдай оларға өлілерден ешкімді жібермейді, - деді. Адамдар Киелі кітапты оқу, оған сенім арту және ондағы сөздерге сай өмір сүру үшін Құдай алдында жауапты. Ол біздің Киелі кітапқа Құдай Сөзі ретінде сенім артқанымызды қалайды: Құдайдың Сөзі шындық. Егер біз Оның Сөзіне сенбейтін болсақ, онда Оны өтірікші етіп көрсетеміз. Құдайға бұл ұнамайды. Сонымен қатар Ол кереметті талап ететін “сенімді” де (шын мәнінде бұл сенім емес) қаламайды. Бір кезде Иса Томаға былай деген: “Тома, сен мені көргендіктен Маған сеніп тұрсың. Ал мені көрмесе де, сенетіндер бақытты!” (Жох. 20:29).

О дүниеге түсу үшін адамға көп күш жұмсаудың қажеті жоқ. Ал сол жерден шығуға қаншалықты талпынсаң да сен одан шыға алмайсың.

Құтқарушыны қабылдамағандар Ізгі хабарға немкетті қарайтындар сияқты о дүниеге апаратын жолды өздері таңдап алды. Таңдау жасай алмай жатырмын дейтіндер іс жүзінде таңдауды жасап қойған.

Біздің әрқайсымыз өзімізге мына сұрақты қоюымыз керек: “Өлгеннен кейін мен қайда барамын? Мәңгілікті қайда өткіземін?”

Күнәларына өкініп, Құтқарушыны қабылдағандар көкте мәңгілік Онымен бірге болатынына сенімді бола алады.

АЛТЫНШЫ САБАҚ

АФАШҚА ӨРМЕЛЕП ШЫҒЫП АЛҒАН АЛАСА БОЙЛЫ АДАМ (Лұқа 19:1-10)

Иса Иерихон қаласының ішімен өтеді екен деген

хабар бүкіл аймаққа тарағанда, халық Оны көру үшін орталық көшеге ағылды. Сол жерде Зақай есімді бір кісі бар еді. Ол қалың тобырдың арт жағында тұрды. Салық жинаушылардың бастығы болған ол өте бай адам болатын және яһуди дінін ұстанатын. Алайда тым аласа бойлы адам болғандықтан, ол адамдардың басынан әрі еш нәрсе көре алмады. Салық жинаушы болғаны себепті руластары оған оң қабақ танытпайтын. Қандай парасатты яһуди салық жинаушы болып, жаулап алушы римдіктерге қызмет етер еді? Әйтсе де оның жұмысы мен байлығының арасында қандай да бір байланыс болуға тиіс, өйткені салықшылар өз қалталарын да толтыру мақсатында халықты тонайтындықтарымен әйгілі еді. Осының бәріне қарамастан, ол қаладағы қадірлі адамның бірі еді және ол өзінің лауазымын мақтан тұтатын.

Ал қазір ол Исаны көргуге құмар еді. Әрине оның керемет істеп, өзінің уағыздарымен және тәлімінің шынайылығымен әйгілі болған яһуди уағыздаушысы туралы хабардар болғаны сөзсіз. Қарапайым халықтың Оны шат-шадыман қуанышпен қабылдап, ал дін басыларының Оған деген наразылығы туралы да ол хабардар еді. Зақайды қарапайым құштарлық жетеледі. Иса өзінің басты мұқтаждығын – яғни жаңа өмір береді деген сенімі күшейген үстіне күшейе түсті. Сондықтан да ол өз көзімен Исаны көргісі келді.

Бірақ мұнда бір қиын мәселе бар еді. Оның бойы тым аласа болатын. Бұл - адам Исаны көргісі келгенде, әрдайым кедергілерге тап болатыны ғой. Бұл жолғы кедергі қалың тобыр еді. Сіз болып жатқан жағдайды көргісі келіп адамдардың артында біресе ары, біресе бері жүгіріп жүрген салықшыны көз алдыңызға елестете аласыз ба? Өкінішке орай, ол еш нәрсе көре алмады.

Сонда оған бір ой келді. Ол жол жағасындағы ағашқа өрмелеп шыға алды емес пе?! Алайда тоқтай тұр. Адамдар не ойламақ? Қанша дегенмен ол жергілікті салық басқармасының бастығы ғой! Салықшылардың бастығы

үшін ағашқа өрмелеу деген өте ұят емес пе?

ӨЗ МӘРТЕБЕСІН ҰМЫТУ

Бірақ өзінің маңыздылығын ойлап отыруға Зақайдың уақыты жоқ еді. Қалың тобырдың у-шуының күшейе түскенінен, ол Исаның жақындап қалғанын ұқты. Қазір – немесе ешқашан! Ол ағашқа өрмелеп шығып, бірінші тұрған тармақ бұтаққа отыра кетті. Зақай Исаны көрген сәтте өз ішінде бір нәрсенің өзгергенін байқады. Осы сәтте ол өзінде таңдау еркінің жоқ екенін және Оның соңынан еруі қажет екенін білді. Ол өзінің жүрегін Исаға беріп, Оның шәкірті болды. Мұны оның ішкі сенімі солай істеді.

Зақайдың сенімі Исаның назарын өзіне аудартты. Сол жерден өтіп бара жатқанда Иса жоғары қарап, ағашта отырған Зақайға: “Зақай, тез төмен түс! Бүгін Мен сенің үйіңде болуым керек“, - деді.

Ол ағаштан секіріп түсіп, Исаны қарсы алу үшін адамдардың жанынан жүгіріп өтті де, Оны қуанышпен өз үйіне алып барды. Иә, бұл ол үшін ең ұлы құрмет болды.

Оның кейбір көршілері, әсіресе дінбасылар табына жататындар қызғаныштан іштері күйіп, Иса әдепті де абыройлы адамдардың үйіне соқпай, қайдағы бір алаяқтың үйіне қонаққа барды деп өсекті бүкіл қалаға жайды.

Үйінде отырғанда, Зақай заңсыз жолмен жинаған қаражаттары туралы ойлана бастады. Енді Исаның жолымен жүруші болғандықтан ұрлықпен ие болған байлығын қайтарып берудің қажеттілігін ұқты. Зақай орнынан тұрып Исаға: Мырза, мал-мүлкімнің жартысын кәріп-қасерлерге үлестіріп бермекпін; егер біреуді алдап, ақысын жеген болсам, оны төрт есе артығымен қайтарам, – деп уәде берді. Заң бойынша оған бұны істеудің қажеті жоқ екені бәрімізге түсінікті. Одан талап етілітіні – табысының он бөлігінің бірін беру және заңсыз жолмен

тапқан әрбір теңге үшін 1 теңге 20 тиын төлеуі қажет еді. Алайда дәл қазір ол заңнан әлдеқайда жоғары бір сенімнің жетегінде болды.

Әрине, Иса Зақайдың шын жүректен Құдайға бет бұрғанын көрді. Сонда Ол: “Бүгін осы үй іші құтқарылды! Бұл адам да Құдай тағайындаған Ыбырайым атаның ұрпағынан”, - деді.

Сонан соң күнәкардың үйіне кірді деп Өзін кінәлаған сырттағы адамдарға жауап ретінде Иса былай деді: “Өйткені Мен тура жолдан адасып кеткендерді іздеп, құтқаруға келдім”.

КЕДЕРГІЛЕРДІ БАСЫП ӨТУ

Енді біз осы әңгімені тағы бір қарап шығатын болсақ, одан бірнеше бағалы сабақ аламыз.

Зақай бай болғанмен, байлық бере алмайтын басқа бір нәрсеге мұқтаж болды. Адамның осы дүниенің көзқарасымен өте бай болуы, сонымен қатар Құдай алдында өте аянышты, бейшара жағдайда болуы мүмкін. Немесе, керісінше, материалдық жағынан кедей болып, ал рухани жағынан бай болуы да мүмкін. Егер адам сенуші болса, онда ол Құдайдың мұрагері, әрі Иса Мәсіхтің де мұрагері.

Осы бай кісі Исаны көруге ықылас білдіргенде көптеген мәселелердің туындағанын байқады. Мысалы, қалың тобыр осындай кедергі болып табылады. Кейде адамның жолында тәкаппарлық кедергі болып тұрады. Ал кейде ол адамның (Нақ. сөз. 29:25) байлық немесе қандай да бір жақсы көретін күнәсінан бас тартқысы келмеуі.

Егер адамда шынайы сенім болса, онда оның Исаға келуіне ешқандай кедергілер бөгет бола алмайды. Көкірегіңізде Исаның жолымен жүремін деген тілек жалындаса, оны іске асырудың жолы әрдайым табылады. Күдік кедергілерді көреді – ал сенім одан шығатын жолды

табады.

Иеміз сенімді әрдайым көреді. Адам күнәсіна өкініп, тәубеге келіп, Иса Мәсіхті Ием әрі Құтқарушым деп қабылдаған кезде, Ол бұл жайында біледі және осы кісінің атын Өзінің өмір кітабына енгізеді. Бұл адамға соны қатты дауыстап айтудың, қолын көтерудің немесе қауым қызметінде алға шығудың қажеті жоқ. Одан бір нәрсе ғана талап етіледі: ол – Иеміз Исаны Құтқарушым деп қабылдау. Әрине, бұдан кейін оның бойында басқа адамдарға Иеміз туралы айту, өз қуанышы жайлы олармен бөлісуге деген құлшыныс пайда болады.

Егер Исаға сенімді артсаң,
Басқаларға соны жарияла.
Масқара боламын деп қорықпа,
Сүйіспеншілігіңді бәріне жарияла.

ЗАҚАЙДЫҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ САНАЛЫ ӘРЕКЕТІ

Зақайдың туылғалы бері жасаған ең жақсы әрекеті – ол ағашқа өрмелеп шыққаны. Сенімнің осы көрінісі оған он ұйықтаса түсіне кірмейтін жарылқаулар әкелді. Мысалы, сол күні ол Құдайдың Рухани Ұлын өз үйінде қонақ қылып күтуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ, оның Исамен кездесуі Киелі кітаптың құрамдас бөлігіне айналды және Зақай жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатқан бізге де әйгілі болды. Соңғы айтар жайт, Зақай өзінің құтқарылып, көктегі мәңгілік өмірге ие болғанына сенімділік (кепілділік) алды. Адам өзін Мәсіхке сеніп тапсырған кезде, жасаған шешімінің керемет нәтижелері туралы ешқашан білмейді.

Осы шынайы әңгімеден біз өте маңызды сабақтардың біреуін аламыз: Исаға бет бұрғанда, адам өзінің бұрынғы өміріндегі қисық жақтарын, жаман қылықтары мен жөнсіз іс-әрекеттерінің салдарын түзетуге тырысуы қажет. Егер ол құрал-саймандарды ұрлаған болса, онда оларды

иесіне қайтаруы керек. Егер ақша алған болса, онысын қайтарғаны жөн. Егер ол біреулерге зұлымдық жасаған болса, онда ол соларға барып жағдайды түзетуі қажет. Осылар Мәсіх туралы куәлік беруге керемет мүмкіндік тудырады. Ол былай айтуы мүмкін: “Жеті жыл бұрын сіздің қол астыңызда қызмет еткен кезде, мен осы құрал-сайманды ұрлап алған едім. Енді мен Мәсіхке сенушімін. Бір ай бұрын мен құтқарылдым, енді Тәңір Ием менің сізге қарыз екенімді көрсетті. Осы затты ұрлап алғаным үшін сізден бас ұрып кешірім сұраймын”. Әрине, барлығын да өз орнына келтіру әрдайым мүмкін емес екенін түсінеміз. Сол адамның қазіргі мекенжайы сізде болмауы немесе ол қайтыс болған болуы да мүмкін. Алайда мүмкін болған жағдайда мәсіхшінің міндетті борышы - келтірген зияндардың орнын толтыру.

Зақайдың әділ адам болмағаны сөзсіз, алайда ол өзінің күнәкар екенін мойындайды. Құдай адам тура жолдан тайды немесе күнә жасап қойды деп одан бас тартпайды. Мәсіх осы әлемге тура жолдан тайғандарды іздеп, құтқару үшін келді, әділдерді немесе жақсы адамдарды емес, күнәкарларды құтқару үшін. Шындығына келетін болсақ, барлық адамдар өз табиғатында күнәкар болып табылады, алайда олардың көбі мұнысын мойындағысы келмейді. Осы ықылассыздықтары құтқарылуға апаратын жолдарын жауып, олардың соған ие болуларына кедергі жасайды. Тек өздерінің күнәкар адам екенін мойындайтын адамдар ғана құтқарылуға қол жеткізе алады.

Бұл Мәсіхтің Иерихон қаласына соңғы рет келуі болатын. Ол айқыш ағашқа біздің күнәларымыз үшін жанын қиюға Иерусалимге бет алып жатқан еді. Ол осы мүмкіндікті қолдан жіберіп алды деп ойлайық! Шындығына келетін болсақ, ешқайсымыз өзіміздің соңғы мүмкіндігіміздің қашан болатынын білмейміз және қашан соңғы рет Ізгі хабарды тыңдайтынымызды да білмейміз. Сондықтан кідірудің салдары жаман. Сол себептен Киелі кітап былай дейді: “... Оның мейірім көрсететін кезі осы,

күтқаратын күні, міне, бүгін!” (2 Қор. 6:2).

ЖЕТІНШІ САБАҚ

НЕКЕ АДАЛДЫҒЫН БҰЗҒАН ҚЫЛМЫСЫ ҮСТІНДЕ ҰСТАЛҒАН ӘЙЕЛ (Жохан 8:2-11)

Бір күні таңертең Иса Иерусалимдегі ғибадатханаға барып, әдетінше жиналған халыққа тәлім бере бастады.

Халықтың Оған және Оның іліміне қатты қызығушылық танытып жатқанын көрген дінбасылары Оны бүкіл халықтың алдында ыңғайсыз жағдайда қалдырудың амалын іздеді.

Олар неке адалдығын бұзған қылмысы үстінде ұсталған бір әйелді Оның алдына әкелді. Сонда олар Исаға: “Ұстаз, мына әйел неке адалдығын бұзған қылмысы үстінде ұсталды. Таурат заңында Мұса бізге: ”Мұндайларды тас атқылап өлтіру керек деп бұйырған“, - деді (Леу. 20:10, Заң. қайт. 22:22). Сонан соң тағы да Исадан: “Сіз бұған не айтасыз?” – деп сұрады.

Олар Исаны сынап, Оны айыптайтын сылтау табу үшін осыны айтқан еді. Егер Ол әйелді тас лақтырып өлтіріңдер десе, онда Оның мейірімділігі қайда? Егер оны босатып жіберіңдер десе, Оның Таурат заңын бұзғаны. Екі жағдайда да Оның шешімі дұрыс болмайтын еді.

Жауап бермес бұрын, Иса еңкейіп саусағымен жерге бір нәрсе жазып, оларға көңіл бөлмеді. Оның жерге не жазғаны туралы әркім әртүрлі нәрселер айтады, алайда олардың барлығы тек жорамал ғана. Бір нәрсе ғана бізге аян, Оның не жазғанын ешкім де білмейді.

Исаны жауап беруге мәжбүрлеу үшін олар күнәкар әйелмен не істеуіміз қажет деп сұрай берді.

Сонда Ол басын көтеріп: “Араларыңда кімде-кім

күнәсіз болса, сол әйелге бірінші болып тас лақтырсын“, – деп, тағы да еңкейіп, саусағымен жерге жазып отыра берді. Оның жерге не жазғаны біз үшін құпия болып қала береді. Оны ешкім білмейді және Оның не жазғанын анықтауға тырысудан түк шықпайды.

Алайда Исаның сөздері парызшылдар мен дін мұғалімдеріне айыптау болып тиді. Олар Исаға құрған тұзақтарына өздері түсіп қалды. Ішкі дүниелерінде олардың сол әйелден айырмашылығы бар ма? Осы сөзді естігеннен кейін олар ұялып, алдымен үлкендері, содан кейін басқалары бірінен соң бірі шығып кетті.

Содан кейін Иса әлгі әйелден: “Айыптаушыларың қайда кетті? Саған ешкім үкім шығарған жоқ па?” – деп сұрады. “Ешқайсысы да, Мырза Ием“, - деп жауап берді әйел. Сонда Иса былай деді: “Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасама!”

ҚҰДАЙ КҮНӘҒА ТӨЗЕ МЕ?

Осы оқиғаны зейін салмай оқыған адам Иса сол әйелдің қылмысына көңіл бөлмеді деген қорытындыға келуі мүмкін. Шындығына келгенде бұл олай емес, оны қазір қарастыратын боламыз. Осы оқиғаны тағы бір рет оқып шығып, одан өзіміз үшін қандай сабақ ала алатынымызды қарастырайық.

Біріншіден, парызшылдар мен дін мұғалімдері тарапынан әйел затын төмендетудің бар екені анық көрініп тұр. Олар неке адалдығын бұзған қылмысы үстінде ұсталған әйелді рақымсыздықпен жұрт алдына алып шықты. Ал ер кісі қайда? Неке адалдығын бұзу үшін екі адам қажет қой. Олар еркекті босатып жіберіп, сол үшін тек әйелді ғана айыптап, масқаралады. Ал бұның еш өрескелдігі жоқ. Өйткені адамгершілік заңы және адамзаттың ер жыныстылар бөлігі көбіне еркектерді ақтап, әйел затын айыптауға бейім болған.

Құдай заңы бойынша неке адалдығын бұзғандарды

тас лақтырып өлтіру керек болатын. Байқаған шығарсыз, Иса сол заңды жоққа шығармады. Ол осы жағдайда заңды ұмыту керек деп те айтқан жоқ. Тіпті де іс жүзінде Ол заңды қолдап, оларды осы үкімді орындауға шақырды: “Араларыңда кімде-кім күнәсіз болса, сол әйелге бірінші болып тас лақтырсын“. Бұл өте маңызды. Егер Иса заңға немкетті қарап, оны бұрмалайтын болса, онда бұл әділдіктің белгісі болмас еді. Ол заңды қолдап, оны орындауы қажет. “Араларыңда кімде-кім күнәсіз болса, (яки: неке адалдығын бұзып қылмыс жасамаған болса) сол әйелге бірінші болып тас лақтырсын“, Иса осыны меңзеді немесе нақты айтты. Неке адалдығын бұзған еркек те күнәкар, ендеше оны да тас лақтырып өлтіру керек. Алайда осы шығарылған үкімді сол күнәмен айналыспаған адам ғана іске асыра алар еді. Парызшылдар мен дін мұғалімдерінің бірінен соң бірінің кетіп қалуы, олардың да осы күнәдан таза емес екендігін көрсетеді.

11-аятқа назар аударайық, онда әйел Исаны Мырзам, яки: Тәңір Ием деп айтады. Бұл оның Исаға деген сенімін мойындауын көрсетеді деп айтсақ болады. Егер ол солай болса, онда әйел былай деп айтқан еді: “Иә, мен күнәкармын. Мені осы күнәмен айналысып жатқанда ұстады. Алайда мен Исаның уәде етілген Құтқарушы екеніне сенемін және Оны күнәдан Құтқарушым деп қабылдаймын. Оның менің күнәларымды кешіріп, маған мәңгілік өмір беретініне нық сенемін“.

Исаның жауабы әйелдің шынымен де күнәсіна өкінгенін, оның сенімінің шынайы екенін көрсетеді. Иса оған: “Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасама!“ – деді. Бұл Иеміз Исаның шындықтың тұзымен нәрленген рақымға әрдайым толы екенін көрсетеді. Бұл жердегі бірінші бөлім рақым болса, екіншісі – шындықтың тұзы.

“Мен де саған үкім шығармаймын“. Күнәсіна өкініп, Құдайдың рақымын сұраған әрбір адамға Құтқарушымыз осы сөздерді айтады. Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы

адамдарға Құдай жазалау үкімін шығармайды (Рим.8:1). Ол: “Кімде-кім сөзіме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды“ деп уәде берген (Жох. 5:24; Сонымен қатар, Жохан.3:17, 18, 19 аяттарды да қарап шығыңыз).

Сонан соң Иса былай деп қосты: “Бара бер, бұдан былай күнә жасама!“ Неге Ол бұл сөзді айтты екен? Шынайы сенушілердің өздерінің күн сайын ойымен, ісімен және сөзімен күнә жасайтынын Ол білмеді ме? Иә, Ол мұны білді. Алайда Ол осы әйелге Өзінің кемелді үлгісін көрсеткісі келді. Оның еркі біздің ешқашан күнә жасамауымыз болып табылады (Жох.1-хаты 2:1). Құдай күнәні қабылдай алмайды. Егер Иса сол әйелге: “Бара бер, бірақ көп күнә жасама “, – деп айтқан болса, онда Оның Құдай емес екенін білер едік, өйткені Құдай киелі және Ол ешқандай күнәні ақтамайды (Аббақұқ 1:13). Сондықтан Иеміз сол әйелдің алдына мәсіхші өмірдің кіршіксіз бейнесін паш етті: “Бара бер, бұдан былай күнә жасама!“

СІЗ ТУРА ЖОЛДАН ТАЙҒАН КЕЗДЕ НЕ БОЛАДЫ?

“Мәсіхші күнә жасағанда не болады?“ деп біреу сұрауы мүмкін. Осы сұрақты қарастыру барысында бірнеше сәттерді атап кеткен жөн.

1. Мәсіхші күнәсіз емес, алайда ол күнәдан қашады (Рим.6:14).

2. Мәсіхші күнә жасаған кезде, құтқарылуын жоғалтпайды, ол тек құтқарылуындағы қуанышын жоғалтады (Забур 50:14). Оның Құдаймен қарым-қатынасы бұзылады, алайда ол әлі де Құдайдың баласы болып қала береді. Оның Құдаймен байланысы үзіледі және ол бақытты отбасылық рухани қарым-қатынасты жоғалтады.

3. Иеміз Иса Ғолғотадағы айқыш ағашқа сенушінің барлық күнәларының құнын төледі (Ишая 53:6). Иса өлген кезде, біздің күнәларымыздың барлығы болашақта болатын күнәлар еді, Ол солардың барлығы үшін құн төледі. Иса менің қарызымды төлегендіктен, енді маған оны қайта төлеудің қажеті жоқ. Құдай екі есе құн төлеуді талап етпейді.

4. Алайда бұл мәсіхші күнә жасай берсе болады дегенді білдірмейді. Сенушіде сенімділік бар, алайда сенушіге қатысты Құдайдың өзіндік ереже тәртіптері бар. Күнәларымның құны төленген, енді ешқашан менің жазалау орны ретінде тозаққа түспейтінім белгілі болса да, күнәнің менің өміріме тигізетін әсері өте қауіпті. Сондықтан күнә жасаған сенушіні Құдай тәрбиелеу мақсатында жазалайды. Жазалаудың түрі ауру, уайым-қайғы, жақын адамынан айырылу, апатқа ұшырау не өлім де болуы мүмкін (Қор.1-хаты.11:27-32 қараңыз).

5. Сенушінің өміріндегі әрбір мойындалмаған күнә, оны Мәсіхтің сотының нәтижесіндегі сыйдан құралақан қалдырады (Қор.1-хаты 3:12-15). Құдаймен қарым-қатынастан тыс өткізілген уақыт – бұл мәңгілік үшін жоғалған уақыт.

6. Тура жолдан тайған сенушіні, қайта жолға салу үшін Құдай ерекше шаралар дайындап қойған. Жохан 1-хаты 2:1-де біз мынаны оқимыз: “Алайда егер біреуің күнә жасап қойсаң, Әкенің алдында әділ Қорғаушымыз бар. Сол Қорғаушымыз – Иса Мәсіх“. Егер сенуші күнә жасап қойса, онда Иса Әкеден: “Осы қарызды мен Өз мойныма алайын“,- деп сұрайды. Иеміз әрбір күнә жасаған сенушіге ара түседі, әрі оның күнәсін мойындап, сол күнәдан арылуға жетелеу үшін үздіксіз әрекет етеді (Нақ. сөз. 28:13).

7. Сенуші өзінің күнәсін мойындаған сәтте ол кешірім алып, бақытты отбасылық рухани қарым-қатынасты қайта қалпына келтіреді. “Егерде күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан, оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады” (Жохан 1-хаты 1:9).

8. Адам құтқарылған кезде Құдайдың Киелі Рухы оның жүрегіне еніп, сонда қоныстанады (Қор.1-хаты 6:19). Ол адамға азғырылуға қарсы тұруға күш береді. Сенуші: “Маған күнә жасауға тура келеді“, “Бұған мені өзәзіл мәжбүрлейді“, – деп айта алмайды. Киелі Рух оған ЖОҚ деп жауап беруге күш береді. Егер ол қатты азғырылу келген сәтте Иемізді шақыратын болса, онда Ол сенушіге күнәні жеңіп шығуға күш береді. “Жаратқан Иенің есімі – мықты мұнара, бас сауғалар әділге қауіпсіз пана“ (Нақ. сөз. 18:10).

Осы әңгімедегі неке адалдығын бұзған қылмысы үстінде ұсталған әйелдің көкке барып, ал оның айыптаушыларының тозаққа түсетіні әдеттен тыс нәрсе. Әрине, егер сол айыптаушылар кейінірек өз күнәларын мойындамаса, бұл сөзсіз солай болады. Сондықтан да Иса бірде дінбасыларына былай дейді: “Құдай Патшалығына сіздер емес, (теріс жолдан қайтқан) салықшылар мен азғын әйелдер кірмек!“ (Матай 21:31). Мүмкін сол әйел өзін туылғаннан жолы болмас бейшарамын деп есептеген шығар. Ал шын мәнінде ол жеңімпаз болу үшін туылған болып шықты.

АДАМЗАТТЫҢ ЖАСАҒАН ЕҢ ҮЛКЕН ҚЫЛМЫСЫ

(Матай 27:37-66; Марқа 15:26-47;

Лұқа 23:38-56; Жохан19:19-42)

Бұл қылмыс Иерусалим қаласының сыртында, әдетте өлім жазасы іске асырылатын орында жүзеге асты. Ол жерді еврейлер Ғолғота деп атайтын, ал римдіктер – Маңдайтөбе дейтін. Бүгінгі күнде біз оны Бассүйек орны деп атар едік. Ол қалаға кіретін ең үлкен жолдардың біреуінің маңында орналасқан еді.

Көптеген жылдар бұрын, жұма күні ертеңгісін бір топ римдік әскер бір жас Кісіні өлім жазасына тартуға сол жерге алып келді. Оның жасы отыздан шамалы асқан еді. Оны және жасақшыларды ыза кернеп аласұрған халықтың тобыры қаумалап келе жатты. Олар айқайлап, балағаттап, қарғыс пен келекені жаудырумен болды. Олардың қан төгісті – Оның өлгенін қалағаны айдан анық.

Осы Қылмыскер деп ұйғарылған адам кім еді? Оның есімі – Иса болатын. Ол Бетлехем қаласында дүниеге келіп, Назарет қаласында өсіп ер жетті. Асырап алған әкесінің жолын қуып ағаш ұстасы болды. Ал отыз жасқа келгенде ұсталық қызметін тастап, қазіргі тілмен айтқанда әлемге Құдайдың Ізгі хабарын таратумен айналыса бастады, Ол мұнысын қасиетті құлшыныспен, Құдайдың күшімен жасады. Міне, сол сәттен бастап ұнамсыз жағдайлар, қуғындау оның басына қардай жауа бастады. Оның үйреткен ілімі, Өзі туралы жасаған мәлімдемелері дінбасыларының қоятын талаптарына толығымен қарама-қайшы келді. Олар бірнеше рет Оны өлтіруге тырысты, алайда бұл әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды. Ақыр аяғында Исаның шәкірттерінің бірі болған Яхуданың сатқындығының арқасында олар Оны ұстап

алып, тұтқындады. Заңсыз соттың қарауынан кейін, Оны римдіктердің қолына тапсырды, өйткені яһудилердің өлім жазасына тартуға құқықтары жоқ еді. Римдік сот оның бойынан еш кінә таба алмады, алайда дінбасыларының қысымымен Оны жендеттердің қолына тапсырды. Міне, бұл Исаның өміріне жасалған қысқаша шолу.

СОЛ АДАМ КІМ ЕДІ? ОЛ НЕ ҮШІН ӨЛДІ?

Алайда бізге Сол Кісі туралы көбірек білу қажет. Иса жай ғана адам емес болатын, Ол әлдеқайда жоғары дәрежеге ие еді. Ол Құдайдың рухани Ұлы болатын. Күллі ғаламның Жаратушы Құдайы — Ол, қарапайым адам бейнесінде, адамдық тәнді қабылдап, біздің әлемімізге келді. Киелі кітапта айтылғандай: ... Әлемді жаратқан — Сол, бәрін аман сақтайтын да — Сол (Жохан.1:10; Қолос. хат1:17).

Ол осы әлемге бізді күнәларымыздан құтқару үшін біздің орнымызға жанын қиып, біз тартуға тиісті жазаның құнын төлеу үшін келді. Көкте Өзімен бірге бола алуымыз үшін Ол бізге мәңгілікке жол дайындауға келді. Ал адамдар болса, Оны өлтіруге дайын.

Оның өліміне кім кінәлі? Әрине, бүкіл халық және олардың дінбасылары, олар: “Оның қаны біздің және ұрпақтарымыздың мойнында болсын!”- деді (Матай 27:25). Рим өкіметі де Оның өліміне жауапты, өйткені Исаның өлімі солардың қолдарымен жүзеге асты. Алайда Оның өліміне біз де кінәліміз, өйткені біздің күнәларымыз Оны айқыш ағашқа шегеледі, біз осыны жете түсінбейінше толық бейнені көре алмаймыз. Ол бүкіл әлемнің күнәсі үшін жанын қиды (Петір.1-хаты 3:18; Жохан.1-хаты 2:2).

Ал айқыш ағашқа шегелеу үрдісіне келетін болсақ, ол былай болды. Олар Ғолғотаға келген сәтте, жасақшылар Исаға өт қосылған сірке суын ұсынды. Оны өлім жазасына кесілген қылмыскерлерге ауру мен азапты көтеруге

көмектесу үшін беретін болған, Иса оның дәмін татпады. Оған Өзінің ісін аяқтау қажет еді және Ол оны жартылай есеңгіреген күйде аяқтағысы келмеді.

Таңертеңгі сағат 09.00-да Оның қолдары мен аяқтарын айқыш ағашқа шегеледі, сонан соң айқыш ағашты сол үшін арнайы дайындалған шұңқырға салып тік көтеріп тұрғызып қойды. Өз қолымен өмір беріп жаратқан жаратылысы өзінің Жаратушысын айқыш ағашқа шегеледі, бұл ақылға қонбайтын нәрсе! Алайда бұл дәл солай болды. Сондықтан да бұл бұрын-соңды болып көрмеген ең үлкен қылмыс болып табылады.

Бар әлемді Жаратушы,
Адам боп келді жерге,
Адамзатты күнәдан құтқаруға,
Өзі жаратқан жаратылыстың қолдарымен
Жазаланып, айқышқа шегеленді.
Өз қолымен жаратқан тікенекті,
Киелі Оның маңдайына тақты енді.
Аяқ-қолға қағылған шегелері,
Ол жаратқан жердің қойнауынан шыққан.
Айқышқа таңдалынған ағашы да,
Алынған Ол өсірген ормандардан.
Жаратылыстың бір бөлігі болсын деп
Оның қолы сол төбені жаратқан.

Өздерінің әдет-ғұрпына сай жасақшылар өлім жазасына кесілген қылмыскерлердің киімдерін өзара бөлісетін. Исаның киімдерін де бөлісе бастады, тек Оның тігіссіз тұтас тоқылған көйлегін бөлісерде ғана олар ол кімге бұйырады екен деп жеребе тастады. Осылайша Дәуіт пайғамбардың алдын ала бірнеше жүз жыл бұрын айтып кеткен сөздері орындалды: “Жау жамылғымды бөлісіп алады, киімім үшін жеребе салады” (Забур 21:19).

Жасаған қылмыстарының тізімі көрсетілуге тиісті тақтайшаны жасақшылар Исаның басының үстіңгі жағына

айқышқа бекітіп қойды. Бірақ онда: “Бұл – Яһудилердің Патшасы Иса” деп жазылған еді. Бұл көптеген адамдарға ұнамады. Олар Пилаттан оны ауыстыруды сұрап, онда: “Мынау Яһудилердің Патшасымын деді”,- деп жазылғанын қалады. Алайда Пилат олармен келіспеді.

Адам осы дүниеден өтер кезде, туыстары мен достары оның соңғы сөзінде не айтатынына назар аударады. Иса айқыш ағашқа шегеленіп тұрған кезінде маңызды жеті сөзді айтты. Олардың алғашқысы: “Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді” (Лұқа 23:34). Өзін өлтірушілер мен қинаушылар үшін мінажат ету – бұл шексіз рақымның көрінісі. Бұл мінажат, егер күнәларына өкініп, Оған сеніммен бет бұрса, тіпті сол адамдар да құтқарыла алар еді дегенді білдіреді.

ИСА ӨЗГЕЛЕР ҮШІН БАЛАФАТТАЛДЫ

Буырқанған теңіздің толқынындай ашулы қалың тобыр күнәсіне өкінуге бейім емес еді, қайта оларды қатты күлкі қысып, олар Исаны келекелеп жәбірлеумен болды. Жанынан өтіп бара жатқан адамдар: “Әй, киелі үйді бұзып, үш күнде қайта тұрғызушы, Өзінді құтқарып ал. Егерде Құдайдың рухани Ұлы болсаң, айқыштан түс”,- деп Оны келеке етті. Ал дінбасылары Оны былай деп мазақтады: “Мынау басқаларды құтқарыпты, бірақ Өзін құтқара алмайды екен. Егер Ол Израилдің Патшасы болса, Өзінің құдіретімен айқыштан түссін, сонда Оған сенеміз. Ол Құдайға үмітін артыпты, ендеше Құдай Оны ұнатса, қазір босатып алсын. Өйткені Ол Өзін Құдайдың рухани Ұлымын деді ғой”. Ал егер Иса сол кезде Өзін ғана құтқарған болса, онда біз ешқашан құтқарыла алмас едік. Ол сол кезде айқыштан түсе алатын еді, алайда Ол Өзінің осы әлемге келген мақсатына жете алмас еді – яғни адамдарды күнәсінан ақтау үшін Өз жанын құрбандыққа бере алмас еді. Сонан соң Құтқарушы айқышта шегеленіп

тұрып, қарақшыға: “Саған шындығын айтамын, бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың”, – деп уәде етеді. Осы оқиғамен біз келесі сабақта жақынырақ танысатын боламыз.

Сол жерге жиналған қалың тобырдың арасында қайғыдан жүрегі қақ айырылған Исаның анасы да тұрған еді. Иса оны көргенде жаны ашып, анасын өзінің сүйікті шәкірті Жоханның қамқорлығына тапсырады. Ол қаншалықты қиналып тұрса да Өзін емес, өзгелерге деген сүйіспеншілік пен мейірімділікке толы болды.

Тал түстен бастап бүкіл жерді қараңғылық басып, ол үш сағатқа созылды. Айқышта шегеленіп тұрған Құдайдың рухани Ұлының азабына бүкіл табиғат ортақ болған іспетті. Мына бір көне өлең шумақтары осы оқиғаны былай суреттейді:

Әлемнің Әміршісі Иса Мәсіх
Өз қолымен жаратқан адам үшін
Қиналып Өз өмірін қияр сәтте,
Бүкіл жерді қараңғы түнек басты,
Ал күн болса бет-жүзін бізден жапты.

Осы үш сағат ішінде Иеміз Иса біздің күнәларымызға бола Құдайдың лаулаған қаһарын Өзінің басынан өткерді. Бізге лайықты жазаны Ол өз мойнына алды. Тозақтың тауқыметін толығымен басынан өткерді, әйтпегенде ол мәңгілікке біздің басымызға төніп тұрар еді. Оның қандай ауыртпалықтарды басынан өткізгенін біз ешқашан біле алмаймыз. Тәндік азаптар шыдай алмастай өте ауыр болды, алайда бұл Иеміздің Құдай Өзінен бетін бұрып кеткен кездегі көрген рухани азаптарымен салыстырғанда түк те емес.

“Исаның адамзаттың қолынан көрген азаптары, Құдайдың жіберген азаптарының алдында жай сипалау сияқты болды“. Осының бәрі біз үшін!

БАСТАҒАН ІСІН АЯҒЫНА ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ БОЛДЫ

Үш сағаттық қараңғылықтан (Марқа 15:33) кейін Иса қатты дауыстап: “Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?” – деді. Жауап бізге белгілі. Біздің күнәларымыз Исаның мойнына таңылды. Құдайдың киелілігі мен әділдігі осы күнәлар үшін жазаны талап етті. Құдай біздің күнәларымызды Өзінің сүйікті рухани Ұлынан көргенде, Ол оны тастап кетті. Ал Иса біздің бәріміздің күнәларымыздың төлемін өтеді. Біз Құдаймен бірге өмір сүру үшін сол сәтте Құдай Оны жалғыз қалдырды.

Содан соң, Иса қатты дауыспен “Мен шөлдеп тұрмын“, – деді. Осыны екі түрлі жолмен түсіндіруге болады. Алдымен, алты сағат бойы айқышқа шегеленіп тұрғандықтан, Ол қатты тәндік шөлді сезінген шығар. Мүмкін Ол осылайша жер бетіндегі адамдарды құтқаруға деген Өзінің рухани мұқтаждығын білдірген шығар. Жасақшылардың бірі Иса (тәндік шөлді) шөлдеп тұрған шығар деген оймен сорғышты сірке суына батырып, Оған ұсынды.

Иса сірке суын сорғаннан кейін: “Енді түгел орындалды!” – деді де, басын иіп жан тапсырды. Құдай мойнына жүктеген міндетін Ол орындады, осылайша Иса Өзінің құрбандық өлімімен күнәкарларға құтқарылудың жолын салып берді. Ол біздің күнәларымызға қатысты Құдайдың талабын толығымен қанағаттандырды.

Бұл істі Ол аяғына дейін жеткізгендіктен, енді біздің тарапымыздан бұған ештеңені қосудың қажеті жоқ. Бізден талап етілетіні – осы істі Өз қолымен орындаған Исаға толықтай сенім арту.

Ең соңында Құтқарушы қатты дауыспен айқайлап: “Әке, Сенің қолыңа рухымды тапсырамын!” – деді. Мұны айтқаннан кейін Ол жан тәсілім етті. Осы жерде бір маңызды жайтты көрсете кеткен жөн, Иса Өзінің өлетін уақытын Өзі белгіледі. Ал біз бұлай істей алмаймыз.

Уақытымыз келгенде – жан тапсырамыз. Ал Оның Өз өмірін қиятын күш пен құдіреті бар еді (Жохан. 10:18).

Исаның осылай жан тәсілім еткенін көрген римдік жүзбасы: “Бұл шынымен әділ Адам болған! Бұл Адам шынымен Құдайдың рухани Ұлы екен!” – деді (Лұка 23:47; Марқа 15:39).

Иса жан тапсырған кезде екі керемет оқиға орын алды. Иерусалимдегі Киелі үйдегі Құдайдың жер бетіндегі тұрағы – ең қасиетті орынды бөліп тұратын орындағы шымылдық ортасынан қақ айырылып екіге бөлінді (осы арқылы Құдай бізге, Өзімен қарым-қатынасқа жол ашылды дегенді айқын көрсетті). Сонымен қатар, сол сәтте, жер сілкініп, жартастар жарылып, қабір үңгірлері ашылды. Марқұм болған көптеген әділдердің сүйектері қайта тіріліп, қабірлерінен шықты (Матай 27:51-53). (Бұл Мәсіхтің өлімнің билігін жеңгеніне меңзеуі мүмкін.)

Сонымен дәстүр бойынша жасақшылар шегеленгендердің қасына келіп, тезірек жан тәсілім етулері үшін екі қарақшының аяқтарын сындырды. Ал Исаның қасына келіп, Оның Оліи қалғанын көрген соң, аяқтарын (Жохан 19:32-33) сындырған жоқ. Бірақ жасақшылардың біреуі Исаның бүйіріне найзасын сұғып алды, сол заматта қан мен су шыға келді.

Исаның құпия ізбасары, ариматеялық Жүсіп, Исаның денесін айқыштан түсіріп алып, оны әк жартастан үңгіп жасалған қабірге апарып қойды.

Әйтсе де бұнымен оқиға аяқталмайды. Үш күннен соң Иса өлімнен қайта тірілді! Ал қырық күн өткен соң Құтқарушы және Патша ретінде Құдайдың оң жағындағы құрметті орынға отыру үшін Ол көкке қайта көтеріліп кетті.

Исаның өлімнен қайта тірілуі тарихи тұрғыдан дәлелденген шынайы оқиға болып табылады. Сондықтан да мәсіхшілік өзінің шынайылығымен ерекшеленеді. Басқа діндердің негізін салушылар өлген және олардың тәндері қабірге қойылып, сонда қалған. Ал Мәсіх тірі

және көкте Құдайдың оң жағында отыр. Тек ақымақ адам ғана өзінің жанын өлген адамға сеніп тапсыра алады. Ал ақылды адам өз жанын Тірі Құтқарушыға, Тәңір Иеміз Иса Мәсіхке сеніп тапсырады.

Өмір мен даңқтың Иесін айқышқа керіп шегелеп, адамдар ең ауыр қылмыс жасады. Алайда Құдай мұны мәңгілік, толассыз рақымға айналдырды.

Ал бізге Мәсіхтің біздің орнымызға айқышта өлгеніне сеніп, Оны өз өмірімізге қабылдау қажет.

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

СОҢҒЫ СӘТТЕ АҚТАЛҒАН АДАМ

(Лұқа 23:32, 39-40)

Сол күні жалғыз Исаны ғана емес, Онымен бірге тағы екі кісіні де айқышқа шегелеген еді. Оның екі жағынан екі қарақшыны шегелеген болатын. Осы оқиғадан жеті жүз жыл бұрын Ишая пайғамбар былай деп айтып кетті: «Себебі Қызметшім жанын өлімге қиып, қылмыскердің қатарында саналады» (Ишая 53:12). Осы пайғамбарлық сөз толығымен орындалды.

Алғашында қарақшының екеуі қалың тобырға қосылып Исаны келекелеуге қатысқан еді. Бір таңқаларлығы сол екі қылмыскер өлім аузында тұрса да өздерімен бірге шегеленіп тұрған күнәсіз Құтқарушыны мысқылдауға уақыт тапты. Олар шын мәнінде былай деген еді: “Мәсіх болсаң, кәне, Өзіңді де, бізді де құтқарып ал”.

Алайда кенеттен сол екі байғұстың біреуінің жан дүниесінде бір өзгеріс болды. Ол өзінің көзқарасын өзгертті, басқаша айтқанда күнәсіна өкінді. Алдымен ол өзінің қасындағы қарақшыны тоқтатып: “Құдайдан қорықпайсың ба? Өзің де осыған кесілдің ғой. Біздің

үкіміміз әділ, істерімізге лайықты жаза тартамыз. Ал, Бұл еш жамандық істеген жоқ“, – деді.

Сонан соң ол Исадан: “Иса, Патшалығыңызға кіргенде мені есіңізге ала көріңізші“, - деп өтінді. Иә, осындай жағдайда тұрған қылмыскердің бұл сөздері ерекше әрі ақылға қонымсыз естіледі.

Ал Исаның жауабы біздің күткенімізден де асып кетеді. Ол күнәсіна өкінген қарақшыға: “Саған шындығын айтамын, бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың!“ – деді.

Сонымен, біз Иеміз Исаның еңбегінің алғашқы жемісін Ол айқышқа қағылып тұрғанда көреміз: өлім аузында тұрған қарақшы күнәларынан ақталып, жұмақтағы өмірге аяқ басқалы тұр.

Ал енді осы оқиғаны тағы бір қарастырып шығып, өзімізге пайда әкелетін сабақтар алуға тырысайық.

ҚҰДАЙҒА ҚАЛАЙ БЕТ БҰРУҒА БОЛАДЫ

Бірінші сабақтан біз адамның өз болмысында күнәкар екенін көрдік. Екі қарақшы өз күнәлары үшін өлім жазасына кесілді, алайда олар өлім аузында тұрса да, Киелі Құдайдың рухани Ұлын келекелеп, Оған тіл тигізуге дәттері барды. Киелі кітаптың адамды күнәкар деп атауына шынайы негіз бар (Рим.3:10-18). Адам болмысы зұлымдыққа толы.

Осы жерден байқайтынымыз, егер адам құтқарылуға ұмтылса, онда ол алдымен өзінің күнәсіна деген көзқарасын өзгертуі қажет. Қарақшы осылай істеді. Ол өзінің көзқарасын толығымен өзгертті, яғни өзінің құрдымға кетіп бара жатқан күнәкар екенін ұқты. Ол өзінің күнәлі өмірінен бас тартып, Құдайдың жағына өтті, яғни өзінен бас тартты. Біздің әрқайсымыз нақ осылай әрекет етуіміз керек. Біз де өзіміздің Құдайдың жазасына лайықты күнәкар екенімізді ашық мойындауға тиіспіз.

Құдай барлық жерде адамдардың бәріне теріс жолдан қайтсын деп бұйырады (Елші. іст. 17:30-31).

Бірақ тәубе етіп қана қою жеткіліксіз. Бізге Исаға сенім артып, Оны өз аузымызбен Жаратқан Ие, яғни өмірімнің Әміршісі әрі Иесі деп мойындау қажет. Өлім аузында тұрған қарақшы, өзімен бірге шегеленген Кісінің, Тәңір Ие екеніне сенді және Оның Құтқарушы Мәсіх екенін сеніммен мойындады. Киелі кітап бізге былай деді: «Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегінде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда құтқарыласың» (Рим. 10:9).

Күнәсіна өкінген қарақшының сенімі оның айтқан сөздерінен айқын көрінген: “Иса, Патшалығыңызға кіргенде мені есіңізге ала көріңіз“. Көріп отырғанымыздай, ол Исаның Тәңір Ие екеніне және Оның өлімге де билік ететін Тәңір Ие екеніне сенді. Ол Исаның сол сәтте өлетініне қарамастан, Оның өлімнен қайта тірілетініне кәміл сенді. Ол Исаның күндердің бір күнінде осы әлемге Әмірші ретінде қайта оралатынына сенді. Ол сол уақытта, Исаның Өзінің шексіз мейірімділігіне сай оны есіне алғанын қалады. Оның Құтқарушыға деген сенімі керемет зор болды.

Осы оқиғадан біз өзімізге тағы бір көрнекі сабақ ала аламыз, бұл - өз игі істерімізбен құтқарыла алмайтынымыз. Егер біз әділ де игі істерімізбен құтқарыла алатын болсақ, онда осы қарақшы ешқашан да құтқарыла алмас еді. Оның бұрынғы өмірі зұлымдық пен күнәға толы ғой. Ал енді оның соларын түзетуге, игі істер жасауына мүмкіндігі жоқ, өйткені ол айқышқа шегеленіп тұр. Біз игі істерімізбен құтқарыла алмаймыз деген тұжырым Киелі кітапта әлденеше рет берілген (Ефес. хат 2:8-9, Тит. хат 3:5). Құдайға ұсына алатын біздің жалғыз нәрсеміз, Оның алдында кір, лас шүберектей көріну (Ишая 64:6). Құдайға ұнау үшін біз не істеуіміз керек деп Исадан сұраған кезде, Ол Оны жібергенге, яғни Иса Мәсіхке, Оның Өзіне сену қажет екенін айтқан (Жохан. 6:28-29). Біздің барлығымыз

да осыдан бастауымыз қажет. Сонда құтқарылу игі іспен жалғасады. Олар құтқарылуға негіз емес, қайта құтқарылғандығымыздың белгісі болып табылады. Олар – құтқарылудың тамыры емес, оның жемістері болып табылады. Біз игі істерімізбен құтқарылмаймыз, керісінше, Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін жаратылғанбыз (Ефес. 2:10).

Осы қарақшының өлімі, бізді тағы бір нәрсеге үйретеді, яғни құтқарылу шомылдыру рәсіміне байланысты емес. Ол шомылдыру рәсімінен өткен жоқ және онда соны жасауға мүмкіндік те болған жоқ. Әйтсе де Иса оған “сен бүгін Менімен бірге жұмақта боласың”, - деді. Сонда бұл бізге шомылдыру рәсімі туралы ұмытсақ та болады дегенді білдіргені ме? Жоқ. Киелі кітап Құдайға сенім артқан әрбір адам, онысын шомылдыру рәсімі арқылы ашық мойындауы қажет дейді. Егер сондай мүмкіндік бар болғанда, сол қарақшы сөзсіз шомылдыру рәсімінен өткен болар еді. Бұл жердегі негізгі ой мынаны білдіреді: шомылдыру рәсімі құтқарылудың міндетті шарты емес.

ҚҰТҚАРЫЛҒАНДЫҒЫМЫЗҒА ДЕГЕН СЕНІМДІЛІК СЕЗІМГЕ НЕГІЗДЕЛМЕЙДІ

Ары қарай біз сол қылмыскердің өзінің құтқарылғандығына деген сенімінің сезімге негізделмегендігін көреміз. Осы күндері көптеген адамдар Исаны Құтқарушым деп қабылдаған кезде керемет бақытты болуға тиістімін және осылайша мен шынымен де құтқарылғанымды білемін деп ойлайды, бұл қате түсінік. Егер сіз сол қарақшыдан: “сен өзіңнің құтқарылғандығыңды сезінесің бе?” – деп сұрайтын болсаңыз, онда ол сізге: “мен тек тәндік ауруды сезіп тұрмын”, – деп жауап беруі мүмкін болар еді. Дегенмен, ол өзінің құтқарылғанын қалай білді? Ол мұны Исаның: “Саған шындығын айтамын, бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың” деген сөздерінен білді. Иса оған осылай деген болатын. Бүгінгі күнгі сенушілер де

құтқарылғандықтарын осылай біле алады. Жалғыз өзгешелік, қазіргі күні Иса соны бізге Киелі кітап арқылы айтады. Киелі кітап Иса Өзін Жібергенге сенуші әркім құтқарылады деп уәде еткен (Жохан. 5:24). Осылайша, құтқарылуға деген сенім ішкі қуанышты сезімдерімізден емес, Құдай Сөзінен келетінін ұғамыз.

Осы жерден біз тағы бір сабақ аламыз: сенушілер өлгеннен кейін Мәсіхпен бірге жұмақта болу үшін бірден көкке Оның алдына барады. Осы керемет шындық 43-аятта берілген:

Дәл қазір – ең жақсы уақыт.
Ең жақсы қоғам – Менімен бірге.
Ең жақсы орын – жұмақта.
Мәсіхші осының бәріне ие.

Осы үзінді бізге барлық адамның құтқарылуға ие болмайтынын ескертеді. Сол күні Мәсіхпен екі қарақшы шегеленген болатын, алайда оның біреуі ғана құтқарылды. Осыны бір кісі былай суреттеген екен: ешкім құтқарылудан күдер үзбеу үшін олардың біреуі ғана құтқарылды. Ешкім құтқарылуды теріс пайдалана алмау үшін, олардың біреуі ғана құтқарылды.

“Иса Мәсіхпен бірге адам жұмаққа бара алады, ал екінші жағынан адам тозаққа да бара алады. Сіз айқыштың қай жағында тұрсыз?”

Әрине, адамның өмірінің соңғы сәтінде де құтқарылу ала алатынын көріп тұрмыз. Қарақшы мәңгілікке аяқ басардың алдында құтқарылды. Алайда құтқарылуды соңғы сәтке қалдырған адам ақымақтық жасайды, өйткені өлетін күнінің қашан болатынын білу оған бұйырмаған. Киелі кітап осы туралы былай дейді: “...Оның мейірім көрсететін кезі осы, құтқаратын күні, міне, бүгін!” (2 Қор. 6:2).

Енді соңғы сөз. Адамның Иса Мәсіхке соншалықты жақын бола тұра, сонымен бірге құрдымға кетіп бара

жатқан күнәкар болуы қандай қорқынышты. Екінші, қарақшы Мәсіхке өте жақын болды, сонымен бірге ол құтқарылудан өте қашық та еді. Осы сияқты, бүгінгі күнде де адам мәсіхші отбасында дүниеге келіп, шомылдыру рәсімінен өтіп, қауымның мүшесі болып, онда қызмет атқара алады, алайда ол Исаны жүрегіне қабылдап көкпен қайтадан туылмаса, онда ол құтқарылмаған күнәкар болып табылады. Егер ол осы өмірден өз күнәсін арқалап өтетін болса, онда ол мәңгілікте азап орнында, яки тозақта өткізеді.

Осы сабақтың негізгі ойы төмендегі әнде былай қорытындыланған:

Күнәні жуу үшін жылғалап киелі қан ақты,
Қиналып, адасқан пенде
Табу үшін тыныштық пен демалысты
Ғажайып сол бір жерден.
Айқышқа шегеленген бір қарақшы
Тапты сол ғажайып киелі кілтті,
Күнәсінан тазарған сол қарақшы
Тапты өз жанына тыныштықты.

ОНЫНШЫ САБАҚ

АБАҚТЫҒА ЖАБЫЛҒАН ЕКІ ЕЛШІ

(Елшілер. 16:16-34)

Пауылмен Сыйлас Грекияның солтүстігінде орналасқан Філіпі қаласында Ізгі хабар таратуға бет алады. Сол жерде біраз уақыт болған оларға бір күні сәуегейлік жасайтын жыны бар бір малай қыз жолықты. Ол көріпкелдігімен қожайындарына көп кіріс түсіреді екен. Енді сол қыз күн сайын Пауыл мен Сыйластың соңынан қалмай: “Мына

кісілер – Құдай Тағаланың құлдары, олар сендерге құтқарылу жолын уағыздайды!“ – деп айқайлап жүрді. Бір жағынан сол қыздікі жарым-жартылай дұрыс та. Олар шынымен де Құдай Тағаланың құлдары болатын, алайда олар құтқарылу жолдарының бірін емес (түпнұсқа тілінде солай берілген), қайта құтқарылуға апаратын жолды уағыздап жүрген болатын. Құтқарылуға апаратын тек жалғыз ғана жол бар.

Қалай болмағанда да, Пауыл жындардың ол туралы куәлік беруін қабылдамайтын. Ақырында бір күні ол артына бұрылып, қыздың бойындағы жынға шық деп бұйырады.

Сол сәтте жын одан шығып кетеді. Бұл сол қыз үшін Ізгі хабар болатын, алайда ол қожайындары үшін емес еді, өйткені сол қыз оларға көп табыс түсіретін. Көптеген адамдар сияқты, оларды да адамның рухани жағдайына қарағанда, өздерінің материалдық жағдайы қатты қызықтыратын. Олар сол Ізгі хабар таратушылардың көзін құртудың қамын ойлай бастады, алайда мұны қалай іске асыруға болады. Содан елшілерді сотқа алып барып, оларға римдіктерге қарсы халық арасында іріткі салып жүр деген айып тағады. Бұл шаралары іске асты. Сот бұл жағдайға қатты ашуланды. Соттың үкімінсіз-ақ, олар Пауыл мен Сыйласқа дүре соққызып, сонан соң оларды абақтыға жапты. Осылайша, ұрылып-соғылып, денелеріне қатты жарақат алған екі Ізгі хабар таратушы қатал тәртіпті түрмеге қамалып, ағаш бұғаумен құрсалып тасталды.

Ол түрменің зынданында жатқанда не істеді, өздерімен болған жағдай үшін Құдайға шағымданып жатты ма? Жоқ, тіпті де. Олар Құдайға сиынып, Оны ән-жырмен дәріштеп, түрмедегі уақыттарын пайдалы қолдана білді. Ақын Ричард Лавлейстің мына сөздерін олар білетін еді: “төрт қабырға – түрме емес, темір шарбақ – тор да емес“.

ТҮРМЕ ҚАБЫРҒАСЫН ШАЙҚАЛТҚАН МІНАЖАТ

Мәсіхшілер бірігіп мінажат етіп сиынғанда, әрдайым белгілі бір нәтижелерді күтуге болады. Түн ортасында кенеттен жер қатты сілкініп, түрменің іргесі шайқалып кетті. Сол сәтте барлық есіктер ашылып, бүкіл тұтқындардың аяқтарындағы шынжырлары сытылып түсіп қалды. Алайда түрме ғимараты зардап шеккен жоқ.

Қатты жер сілкінісінен көрші үйде тұратын түрме бастығы оянып кетті. Ол төсектен атып тұрып, үстіне киімін іле сала, далаға жүгіріп шықты. Сонда көргені оны есінен тандыра жаздады! Түрменің есіктері айқара ашық тұр еді. Егер тұтқындардың біреуі болса, онда оған тек өзін-өзі өлтіруден басқа амал жоқ. Сондықтан ол семсерін суырып алып, өзін өлтірмекші болды. Сол сәтте Пауыл мен Сыйлас дауыстап: “Тоқта, өзіңе залал келтірме! Бәріміз осындамыз!” – деп айқайлады.

Осы сәтте түрме бастығының өмірінде үлкен өзгеріс орын алды. Шам жағуды бұйырып, ол қалшылдап-дірілдеп түрменің ішіне жүгіріп кірді. Бір сәт бұрын ол ары қарай өмір сүруге қорыққан еді, енді ол өлімнен қорықты. Ол Құдайдың алдына баруға дайын емес еді. Оның жан дүниесін күнәкарлық және кінәлілік сезімі баурап алған болатын. Енді оның өміріне қауіп төніп тұрған жоқ еді, алайда ол өзінің де құтқарылуға мұқтаж екенін сезінді. Сондықтан да ол Пауыл мен Сыйласқа мына сұрақты қояды: “...Құтқарылуым үшін не істеуім керек?”

Жауап өзін күттірген жоқ! “Иеміз Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй ішің де құтқарыласыңдар!”

Ал енді мынаған бір сәт назар аударыңыздар! Пауыл мен Сыйлас «Иеміз Иса Мәсіхке сен» дегенде нені меңзеді?

Әрине, бұл құтқарылуға игі істер істеумен қол жеткізуге немесе соған лайықты болуға тырысу дегенді білдірмейді. Игі іс пен сенім – екеуі екі түрлі (Рим. 4:5).

Бұл он өсиетті орындауды білдірмейді. Он өсиетті

орындау – бұл сенім емес, іс болып табылады (Рим. 8:3).

Бұл ең басты алтын ережені орындауға талпыныс емес (егер адамдар өздеріне қалай жасасын десеңдер, сендер де оларға солай етіндер). Сенім мен игі істердің арасында айырмашылық бар.

Бұл шомылдыру рәсімінен өту немесе қауымға мүше болып кіру дегенді де білдірмейді. Бұның бәрі игі нәрселер, алайда бұлардың барлығы сенімнің соңынан ілесіп жүретін оның шынайы көріністері. Бұны теріс түсінбейік.

Иса туралы тарихи дәйектерді сенім ретінде қабылдау жеткіліксіз.

СЕНУ ДЕГЕН НЕ?

Мәсікке сену – Оны Тәңір Ие әрі Құтқарушы деп қабылдау (Жохан 1:12).

Мәсікке сену – Оған жүрегіңнің есігін ашу (Аян 3:20).

Мәсікке сену – Оны, Жол, Шындық және Шынайы Өмір деп қабылдау (Жохан 14:6).

Біздің қолымызда ұшақтың билеті бар болуы мүмкін, алайда оған отырмайынша оның бізді көздеген жерімізге апаратынына сенбейміз. Осы сияқты біз де мәңгіліктегі көктегі мекенімізге апаратын жалғыз жол ретінде өзімізді Исаға сеніп тапсыруымыз керек.

Мен орындыққа отырған кезде, оған бар салмағыммен жайғасып отырамын, яғни отырғанда құлап қалмайтындығыма сенгендіктен оған отырамын. Исаға сену деген де нақ осыны білдіреді.

Әйел адам некеге отырғанда, сол ер адам заңды күйеуі болуы үшін оған тұрмысқа шығады. Некесі тіркелгенде әйел: “Иә”, – деп жауап береді. Құдай бізден: “Менің рухани Ұлымды өзіңнің Құтқарушың деп қабылдайсың ба?” – деп сұрайды. Ал біз: “Иә”, – деп жауап бергенде,

Иса Мәсіхке Тәңір Ием деп сенетінімізді көрсетеміз.

Адам шын жүректен төмендегілерді айта алады:

1. Өзінің тозақ отында мәңгілікке жазалануға тиісті күнәкар екенін;

2. Мәсіхтің айқыш ағашқа біздің күнәларымыз үшін өлгеніне сенетіндігін;

3. Көкке апаратын жалғыз жол Иеміз Иса Мәсіх екеніне үміт артатындығын;

4. Иемізді сеніммен қабылдағанда – ол Исаға сенеді.

Сол түні Філіпідегі түрмеде оның бастығымен дәл осы жағдай болды. Оның бүкіл отбасы оның ізгі үлгісіне ерді.

Сонан соң Пауыл мен Сыйлас оған және үйіндегілерге Иеміздің Ізгі хабарын жариялады. Елшілер оларға басқа ілімдермен бірге, Иса Мәсіхке сеніп, құтқарылғандар шомылдыру рәсімі арқылы Мәсіхті ашық мойындаулары керектігін де айтқан болар.

Інжілдік сыныптағы осындай сабақтардан кейін түрме бастығы Пауыл мен Сыйластың жараларын жуып, таңды (осыдан бір күн бұрын олардың қатыгез тәндік жаза тартқандары естеріңізде шығар).

Сонан соң түрме бастығының өзі де, оның бүкіл отбасы да Исаның ізбасары екендіктерін куәландыратын шомылдыру рәсімінен өтіп, әр күні Иеміз Иса Мәсіх үшін өмір сүруге уәде етті.

Түрме бастығы ісімен де өзінің жаңа өмірге ие болғандығын көрсетті. Ол Ізгі хабар таратушыларды үйіне қонаққа шақырып, баптап күтті. Егер сіздің қиялдау қабілетіңіз жақсы дамыған болса, онда сол дастарқан басындағы зор қуанышты көз алдыңызға елестете аласыз. Олар енді Иса Мәсіхпен бірлікте болып, Мәсіхтегі бауырластар және Құдайдың отбасының мүшелері болды.

Келесі күні сот мүшелері Пауыл мен Сыйластың

римдік азаматтар екенін білгенде, оларды қатыгездікпен, тергеусіз жазалап үлкен қателік жасағандарын ұқты. Олардың өздері келіп, түрмеден елшілерді босатып алып шығып, қаладан кетулерін өтінді.

ШЫН МӘНІНДЕ НЕ БОЛҒАН ЕДІ?

Пауыл мен Сыйластың бұдан кейінгі елшілік қызметтерін қарастырмас бұрын, осы оқиғадағы бірнеше кезеңді атап өтейік.

Біріншіден, шайтанның өзінің іс шараларында әртүрлі тәсілдерді қолданатынын көрдік.

Ол көріпкел қыз арқылы екі елшіге жағымпазданудан бастайды. Бұдан нәтиже шықпағандықтан, ол ашық қуғындауға кіріседі, осылайша ол Пауыл мен Сыйласқа ауыр тәндік жарақат салған соң оларды түрмеге жаптырды. Кейде әзәзіл еліктіруші жылан бейнесінде (Аян 12:9), ал кейбір жағдайларда ақырған арыстан болып келеді (Петір.1-хаты 5:8).

Екіншіден, тура жолға түскен түрме бастығының өмірінде құтқарылудан кейін игі істердің орын алғанын көреміз. Осы жерден оның жасаған үш игі ісін көре аламыз: ол елшілердің жараларын жуып, таңды, шомылдыру рәсімінен өтті және Пауыл мен Сыйласты үйіне алып барып, қонақ етін күтті.

Ал Пауыл мен Сыйласқа келетін болсақ, Құдайдың осы екі қызметшісі игі іс үшін ауыр сынақтарды бастарынан өткізді. Киелі кітап егер біз істеген істеріміз үшін жазаланатын болсақ, онда бұл Құдайға даңқ әкелмейді дейді. Алайда, егер біз жасаған жақсылығымыз үшін ұрылып-соғылып, жазаны төзімділікпен бастан кешсек, онда бұл Құдайға ұнамды (Петір.1-хаты 2:19-20). Ақыр аяғында Иса да осыны басынан өткерді ғой.

Біз Құдайдың сәтсіз, жаман жағдайларды (Пауыл мен Сыйластың түрмеге түсуі) жақсылыққа айналдыра алатынын көреміз (түрме бастығының отбасымен

күтқарылуы). Барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді (Рим. 8:28).

Жер сілкінісі нағыз қажет уақытта болды. Құдай табиғатқа Өзінің еркін орындауды бұйырды. Құдайды білетіндер, күнделікті жаңалықтардың арғы жағында ненің жасырынып жатқанын жақсы түсінеді. Ол өзінің мақсаттары мен жоспарларын іске асыру үшін еңбек етуде және Ол соларды аяғына дейін жеткізеді.

Соңғы сабақ. Қала басшылары өздері келіп Пауыл мен Сыйласты түрмеден босатып кешірім сұраған кезде, олар Нақыл сөздер 16:7-дегі тұжырымның ақиқат екенін көрсетті: “Адамның жолы Жаратқанға ұнаса, тату қылар соның жауларын да”.

ОН БІРІНШІ САБАҚ

ҚҰДАЙ СӨЗІН УАҒЫЗДАУШЫҒА АЙНАЛҒАН ЖЕҢІЛ ЖҮРІСТІ ӘЙЕЛ (Жохан 4:5-30)

Иса, Яһудея аймағынан солтүстікке Ғалилеяға сапарға шықты. Әдетте яһудилер Самария арқылы өтпеу үшін оны айналып өтетін жолмен жүретін. Самариялықтар басқа ұлт өкілдерімен араласып кеткен өздерінің ұрпақтары болса да, яудилер олармен ешқандай қарым-қатынасқа түсуді қаламайтын. Ал Иса нәсілдік алалауды мойындамайтын, сондықтан ол тіке жолды – Самария арқылы өтуді жөн көрді.

Түс мезгілі болатын, жол жүріп шаршаған Иса бір құдықтың қасына келіп отыра кетті. Сол кезде құдықтан су алу үшін самариялық бір әйел келді. Иса сөз бастап, одан ішуге су сұрады. (Исаның, яһуди бола тұра, өзімен сөйлескеніне әйел таңғалды). Бұл сұқбат оларды Исаның адамдарға ұсынатын тірі суы туралы уағызға алып келді.

Ал әйел өз қастарындағы құдықтың суы туралы ғана ойлады.

Сонан соң Иса оған: «Мына судан ішкен адам тағы шөлдейді, өйткені осы әлем ұсынып отырған кез келген нәрсе адамның жүрегiнiң шөлiн қандыра алмайды. Ал Исаның, яғни Киелi Рухтың, ұсынған суын iшкен адамдар, мәңгi баки шөлдемейтiн болады», – дедi.

Сол әйелдiң сұқбатқа деген қызығушылығы едәуір өсе бастады. Осы әйел жүгенсiз өмiрден бақытын табуға тырысып, онысы сәтсiздiкке ұшыраған болатын. Сонда әйел Исадан: - «Мырза, бұдан былай шөлдеп, су алуға осында келе бермеуiм үшiн маған сол судан берiнiзшi!» – деп сұрады.

Дәл осы сәтте Иса оның ар-ұжданына тиетiн сөз айтып, оған: “Барып күйеуiңдi шақыр, өзiң де кел!” – дедi. “Күйеуiм жоқ,” – деп жауап беру арқылы әйел сұқбаттан қашып кеткiсi келдi.

“Күйеуiм жоқ деп шыныңды айттың. Бес рет күйеуге шықтың, ал қазiргiң күйеуiң емес. Мұны дұрыс айттың”, - деген Иса, оны абыржытып, ұялтқысы келген жоқ. Иса тек оған күнәда өмiр сүрiп жатқанын көрсеткiсi келдi. Әйелдiң сүрген өмiрi Құдай Сөзiне қарсы келетiн едi. Өйткенi кез келген некеден тыс жыныстық қатынас күнә болып табылады. Бүгiнде кейбiр адамдар егер жыныстық қатынас сүйiспеншiлiкпен, яғни екi жақтың өзара келiсiмiмен, орындалса, онда мұнда тұрған еш нәрсе жоқ,- дейдi. Алайда Киелi кiтап кез келген неке адалдығын бұзуды, жезөкшелiктi, еркекқұмарлықты – КҮНӘ дейдi. Олар адамның осы әлемдегi өмiрiне залалын тигiзедi, ақыр аяғында тозаққа, мәңгiлiк өлiмге апарады.

Осы әйелге құтқарылу үшiн алдымен өзiнiң адасқан күнәкар екенiн түсiну қажет едi. Сондықтан да Иса оның өмiрiндегi күнәларын әшкереледi.

Бiрте-бiрте әйел жүрегiнде жарық оты жана бастады. Ол Исаның алдын ала уәде етiлген Құтқарушы Мәсiх екенiне көзiн жеткiздi. Ол Исаны Тәңiр Ием әрi Құтқарушым деп

қабылдап, өз өмірін Оған сеніммен тапсырды. Содан қалаға қайта оралып, жұртқа Иса туралы батыл куәлік келтірді: “Жүріңдер, менің құпия іс-әрекеттерімнің бәрін дәл айтып берген Кісіні көріңдер! Ол Құдай жіберген Мәсіх емес пе екен?”

Оның куәлігін естіген көптеген самариялықтар қаладан шығып, Исаға қарай бет алды және олар Исаға сене бастады. Осы әйел жаңадан ие болған сенімнің жарылқауларына қанағат тұтып қоймай, өзгелер үшін жарылқау көзі болғанын қалады. Біз де осылай әрекет етуіміз керек.

Оны үйрену үшін біз адам жанының Ұлы аулаушысы Исаның қалай еңбек ететінін бақылауымыз қажет. Ол сол әйелді теріс жолдан бас тартқызып, құтқарылуға апаратын сенімге қалай жетеледі? Ол әйелмен қарым-қатынасын қалай бастады?

Ең алдымен, Ол одан көмек сұрады. Ол су сұрау арқылы екіарадағы “мұзды жарды” (Жоқан. 4:7).

Екіншіден, Ол әйелді Өзінің кім екендігі жайлы, Өзі ұсынып отырған шынайы “өмір суы” жайлы ойлануға мәжбүрледі (10 аят). Адамдардың назарын Мәсіхтің Жеке тұлғасына және Ол тегін ұсынып отырған құтқарылуға аудару біз үшін өте маңызды.

Әйел өздігінен түсінуге қиын мәселелерді көтерген кезде (12 аят), Иса оларға жауап берді (13-14 аят), бірақ өзінің сұқбатын әрдайым көздеген бағыт пен мақсатқа жетелеп отырды.

Ал әйел өмірдің суын алуға ықылас білдірген кезде (15 аят), Иса оның ұйықтап жатқан ар-ұжданын оятты, яғни оның назарын өзінің күнәларына аударды (16 аят). Адам құтқарыларынан бұрын өз өмірінің күнәға толы екенін, өзінің адасып құрдымға кетіп бара жатқан күнәкар екенін мойындауы тиіс.

Әйел күнәларына қатысты шындықты жасырғысы келіп еді, Иса оған неке адалдығын бұзып жүргендігін

ашық көрсетті (17-18 аят).

КҮРДЕЛІ ТАҚЫРЫПТАН АУЫТҚУ

Әйел осы сұрақты ауытқу мақсатында, әңгімені яһудилер мен самариялықтардың Құдайға табынуындағы айырмашылықтарға бағыттады (20-21 аят), “Мәсіх өз өзінен бас сауғалап қашып бара жатқан қуғындалушы әйелдің жан дүниесін көріп қоймауы үшін ол қолдан келгеннің барлығын істеуге дайын”.

Иса оның нағыз шынайы сиынушылар жайлы сұрағына шыдамдылықпен жауап қайтарды (22-24 аят).

Әйел алдын ала уәде етілген Құтқарушы немесе Мәсіх туралы сөзін бастағанда, Иса Өзінің уәде етілген Мәсіх екенін оған ашып берді (25-26).

Нақ осы сәтте әйел өзінің жүрегін Исаға тапсырған болуы мүмкін, өйткені осыдан соң ол асыға қалаға қайта оралды да, өзгелерді Онымен кездесуге шақырды (29 аят). Әйелдің куәлігі қарапайым әрі әсері күшті болды. Адамдар үйлері мен жұмыстарын тастай салып, Исаны тауып алып, Онымен кездесу үшін қаладан шықты.

Егер біз шынымен де бір нәрсеге сенетін болсақ, онда сол туралы өзгелермен бөлісуге асығамыз. Самариялық әйел Мәсіхке шын жүректен сенгенде жан дүниесінде Иса туралы өзгелермен бөлісуге деген орасан зор құштарлықты сезінді.

Әйелдің куәлігінің арқасында көптеген адамдар Исаға сене бастады (39 аят), Иеміз Исаның сөзін Оның өз аузынан естігенде одан да көбірек адамдар Оған сене бастады (42 аят).

Осы керемет туралы ойланып көріңізші! Бірнеше сағат ішінде самариялық әйел өзінің күнәкар болмысынан бас тартып, Израилдің Құтқарушысының ізбасарына айналды және бірден-ақ өзгелерді Оған шақыра бастады. Құдай тура осындайдың біздің өз өмірімізден де орын алғанын

қалайды.

ОН ЕКІНШІ САБАҚ

ЖАЛҒАН АЙЫП БОЙЫНША ТҮРМЕГЕ ТҮСУ

(Жарат. баст. 39-41)

Жүсіп туралы оқиғада, оны неке адалдығын бұзуға итермелеу, жанжал, жалған айып тағу және сол жалған айып бойынша түрмеге түсу біте қайнасып, бірігіп кеткен.

Жүсіп – Жақыптың ең сүйікті ұлы – бойшан, қара торы, дене бітімі келісті жігіт болатын. Оны өзінің қызғаншақ бауырлары Мысырға құлдыққа сатып жібереді. Мысырда ол Потифар есімді уәзірдің құлына айналады. Ол перғауынның бас қорғаушысы болатын.

Жүсіп өзінің жеке өмірінің тазалығымен ерекшеленді. Ол Киелі кітаптағы кіршіксіз пәк өмір сүрген кейбір сенімнің батырларының бірі болып табылады. Бұл ол күнәсіз болды дегенді білдірмейді. Күнәсізбін деп ешкім мақтана алмайды! Алайда ол Құдайға мойынсұнып, Оның сөзін орындауға шынайы талпынған әділ де ізгілікті яһуди болды.

Сонымен қатар, ол ісінде де жетістікке жетіп отырды. Оған сенім артуға болатын, ол өзінің еңбекқорлығымен, даналығымен және ақылдығымен ерекшеленді. Қожайыны оны жоғары бағалайтын.

Ал енді Потифардың әйеліне келетін болсақ, ол арсыз, азғын, қатыгез және ұятсыз әйел болатын – оның басқа да жаман қылықтары толып жатыр. Бір күні ол Жүсіпке: Жүр, бірге төсектес болайық – дейді. Жүсіп одан бас тартып: “Жоқ. Мен бұлай істей алмаймын. Өйткені қожайыным сарайындағы барлық істі маған сеніп тапсырды. Құдайға да, жұбайыңызға да қарсы ауыр қылмыс жасап, қалайша

күнәға батпақпын?” – дейді.

ӨТІРІК ЖӘНЕ АЙЫПТАУ

Әйел күн сайын өзімен төсектес болуға мәжбүрлеуге қаншама тырысқанмен, Жүсіп одан бас тартуын қоймады. Ол қожайынының әйелін сыпайылықпен құрметтей білді. Алайда әйелге мұның еш қажеті жоқ еді. Оған Жүсіптің кемелді сыпайылығы мен көрсеткен құрметі емес, керісінше, Жүсіптің өзі керек болатын. Ол әртүрлі қулықтарды қолданып, Жүсіпті төсектес болуға мәжбүрлеумен болғанмен, ол Потифардың парасатты құлы, әділ де адамгершілігі зор адам болып қала берді. Сонда әйелді қатты ашу кернеді.

Бір күні ол Жүсіптің шапанының етегінен ұстай алып: “Жүр, бірге төсектес болайық!” – деп қоймайды. Жүсіп шапанын тастай сала үйден қаша жөнеледі. Ол қашу арқылы өз тарапынан әлсіздік көрсетті деп ойлауыңыз мүмкін шығар. Алайда бұл әлсіздік емес, батылдық болып табылады. Киелі кітап бізді жанымызға қарсы шығушы жастықтың құмарлықтарынан қашуға үйретеді (Тимоте. 2-хаты 2:22). Біз азғындықтан, яки неке адалдығын бұзудан, қашуымыз керек (Қор.1-хаты 6:18), күнәға азғырудың кез келген түрінен қашуға тиіспіз.

Бірақ қалай болғанда да, әлгі әйел Жүсіптің шапанын өз төсегінің үстіне қойып, ол туралы жалған айып тарата бастады. Әйел: “Ол мені зорламақшы болды, бірақ мен шу көтеріп, қатты айқайладым, сонда ол киімін тастай сала, сыртқа қарай қаша жөнелді,”- деді. Шапан Жүсіпке қарсы нақты айғақ болды.

Потифар үйіне келгенде, әйелінің Жүсіп туралы айтқан өтірігіне сеніп, оны түрмеге жаптырды.

Жалған айып туралы айтып тұрсыз ба, иә, бұл дәл осылай болды! Жүсіп әділ, салауатты өмір сүрді, ал енді онымен не болғанына қараңыз! Оған жалған айып

тағылып, түрмеге түсті. Тура осылай болды. Кейде осындай жағдайлар болады, тіпті сенушілер де осындай жағдайларға тап болады. Құдай ешқашан да мәсіхшілік өмір жеңіл әрі тыныштықта, еш уайым-қайғысыз болады деп уәде етпеген. Алайда Ол бізге, өмірдің барлық жағдайларында да рухани жеңіске жете аламыз деп уәде еткен.

ҚАЙМАҚ ӘРДАЙЫМ ЖОҒАРЫҒА КӨТЕРІЛЕДІ

Жүсіп түрмеде отырғанда уақытты бекерге өткізген жоқ. Ол жағдайдың өзгеруін күтпеді. Түрмеде отырса да, Құдай үшін өмір сүруге шешім қабылдады. Қаймақтың жоғары көтерілетіні іспетті, Жүсіп те қызметінде жоғарылай бастады. Аз уақыт ішінде ол түрмедегі барлық жұмыстың басқарушысына айналды.

Сонан соң, ол түрмеде отырған екі тұтқынның түсін жорып береді және барлығы да Жүсіптің айтқанындай дәлме-дәл орындалады. Бір тұтқын, перғауынның бас шарапшысы түрмеден босатылып, бұрынғы қызметіне қайта тағайындалады. Ал екіншісі, перғауынның бас наубайшысы, дарға асылады.

Түрмеден шығардан бұрын бас шарапшы Жүсіпке перғауынға ол туралы айтамын деп уәде еткен болатын. Алайда бас шарапшы Жүсіпке берген уәдесін ұмытып кетеді. Арада екі жыл өткенде перғауын түс көреді, алайда оның түсін Мысырдың бүкіл сәуегейлері мен білімпаздары жорып бере алмайды. Перғауын қатты ашуланып, жанын қоярға жер таппай отырған кезде бас шарапшы Жүсіпті есіне алып, ол туралы перғауынға айтады.

Жүсіп оның түстерін жорып береді. Бұлар жеті жылдық молшылық пен жеті жылдық ашаршылықты білдіретін. Жүсіп перғауынға кейінгі жеті жыл ішінде азық-түліксіз қалмау үшін, алдыңғы жеті жылдың молшылық кезінде жеткілікті азық-түлік қорын жинап алуға кеңес береді.

Бұл ұсыныс перғауынның көңілінен шығып, ол Жүсіпке: “Сенің Құдайың – шынайы тірі Құдай! Мен сені бүкіл Мысыр елінің Әміршісі етіп тағайындаймын. Ел патшасы перғауын менмін. Ал сенің келісіміңсіз бүкіл Мысырда ешкім де іс-әрекет жасамайтын болады“, – дейді.

Барлығы да дәл солай болды. Жүсіп бүкіл Мысыр елін басқаратын бас уәзірі немесе осы күнгі министрлер кеңесінің төрағасы болды. Осы лауазымды басқаша қалай атауға болар еді?! Перғауын оған керемет сұлу мысырлық қызды әйелдікке алып берді.

Жүсіптің басынан өткергендері Римдіктерге 8:28 аятты бейнелейді:

“Барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді“.

Ол көптеген сәтсіз жағдайларды басынан өткізді. Алайда солардың бәрінің артында, қасірет-қайғы болып, көрінген қиыншылықтарды жақсылыққа айналдырып отырған Құдай тұрды. Жүсіп Құдайдың мәртебесін көтергендіктен, Құдай да оның мәртебесін көтерді (Патша. 1-ж. 2:30). Оқиғаның аяғында, оның басындағыға қарағанда, Жүсіптің жағдайы әлдеқайда жоғары болды. Өз өмірінде Құдайды таңдағандармен де мәңгілікте дәл осылай болады.